

Қауіпті аймақтар – қатаң бақылауда

2-бет




Хайуанаттар бағының ғимараты бой көтермек

3-бет



Құмнан келер қауіп көп

5-бет



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕЙСЕНБІ, 4 СӘУІР, 2023 ЖЫЛ №37 (23 213)


www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

• СҮЙІНШІ!

Абдрахманов – әлем чемпионы

Жастар арасында ауыр атлетикадан Дурресте (Албания) өткен дүбірлі долада қарағандылық Никита Абдрахманов топ жарып, әлем чемпионы атанды.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»



Жерлесіміз жүлкі көтеруден 164 келіні бағындырса, серпке көтеруде 205 келіні жерден ала алды. Бұл оның еш бәсең алтын алуына себепші болды.


– Жарыс болған соң жегу мен жеңілу қатар жүреді. Алайда, дәл бүгін Көк Туымыз көп тудын ішінде көкке көтерілді. Абыройымыз асқақтап, мерейіміз тасыды. Тамаша жеңіс. Никита үмітті актарына кәміл сендім. Қаншама жаттығулардың арқасында міне, бүгінгі күнге де жеттік, – дейді чемпионның бапкері Александр Кирюхин.

Расында, бапкер сөзінің жаны бар. Толқуы да орынды көрінеді. Қарағандыда үстел теннисі, футбол мен бокс, дзюдо күресі ғана емес ауыр атлетиканың да алтын алар мықтылары бары барша жанкүйер қауымды қуанытып салды.

Майнинг: бұл не деген майшелпек?

Веб кеңістікте кеше ғана пайда болған биткойн мен блокчейн талайлардың ақыл-есін жаулап алып, сандықтан қызу пікірталас тудырды қоғамда. Айтулы сарапшылар олардың барлық саладағы жақсы және жаман әсерін талдап-талқылауда. Біз де назар сала кеткенді құп көрдік. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев майнингті компания атулысына заң үстемдік етуін ерекше тапсырды Үкіметке. Нәтижесінде интернет арқылы табыс табатын сұғыла қауым ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігіне өзі мән бере бастады.

нетін жабдыққа салықтар мен баждар төленбейді. Мен Қаржылық мониторинг агенттігі осы жағдайды егжей-тегжейлі қарастыруын сұраймын. Барлық майнинг фермаларын



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Тотқа тоймайтын мешкей

Криптовалюта, майнинг туралы естүіңіз бар шығар. Естімесеніз, білмесеніз түсіндіріп өтелік. Мәселен, Қазақстанның төл валютасы – теңге. Сол сияқты интернеттің де өз валютасы бар. Қолмен ұстауға, сақтауға келмейтін «өте құпия» ақшаны криптовалюта деп атайды. Электронды ақша табу аса қиын емес, компьютер өзі өндіреді. Ол үшін серверлерге тіркелген мынадай қондырғылар өте қиын есептерді шешеді. Яғни, құрылғы берілген алгоритмнің жауабын іздейді. Бір сөзбен айтсақ, есептеуіш машиналардың математикалық шайқасы. Әр есеп шешілген сайын сіздің электронды әмияныңызға бонус түсіп отырады. Цифрлы ақша деп отырғанымыз осы.

Криптовалютаның мынанан астам түрі бар. Ең танымалы, әрі қымбаты, цифрлы ақшаның алтыны – биткойн. Оны өндіру тәсілін майнинг дейді. 2009 жылы жапондық Сатоши Накамото биткойн желісін іске қосып, алғашқы 50 биткойнды шығарды. 13 жылдың ішінде оның бағасы аспапандан кетті. Қазір 1 биткойн – 17 млн. теңгеге жуық. Биткойнға дейінгі жиналатын тиынды сатоши дейді. 1 биткойн деп есептелуі үшін – 100 млн. сатоши өндірілуі тиіс.

Шетел демекші, АҚШ, Жапония, Ұлыбритания, Канада елдерінде бұл сала заң аясында жұмыс істейді. Олар биткойнды валюта емес, мүлік деп қарап салық салған. Цифрлы ақшаның миллиардері атанғандар аз емес. Америкалық ағайынды Тайлер мен Кэмерон Уинклевос. Олардың цифрлы активтері 2,8 млрд. доллардан асады.

Криптовалюта өндіретін есептеуіш машиналардың түр-түрі бар. Елде олардың саны 10 мыңнан асады. Бағасы қуатына қарай 500 мың теңгеден басталады. Негұрлым қымбат болса, соғұрлым көп пайда әкеледі. Ең көп қолданатын қондырғылар «Асиқ» пен видеокарталар. Мамандар құрылғыны сатып алуға



жинаған қаражаттың тек 10 пайызын ғана жұмсаған жөн деп есептейді. Өйткені техниканың тілін түсінбесең табыс табу оңай емес.

Иә, криптовалюта – көпке таңсық сала, атауы жат, түсіну қиын. Бірақ пайдасы шаш етекпен. Қазақстанда соңғы 5 жылда құрт дамыды. Әлемдік криптовалютаның 18 пайызы біздің елде өндіріледі. Қажетті аппараттар шетелден әкелінеді. Қазір елде 50 шақты алып ферма бар. Олардың қожайыны кім? Қай елдің азаматтары деген сауалдың жауабын министрліктің өзі білмейді. Жекке компаниялардың көбі Павлодар, Қарағанды, Алматы қалаларында орналасқан. Құрылғыны сатып алып, үйде ақша тауып отырғандар да аз емес.

Не дегенімізбен, о баста мемлекет қадағалауынан тыс мақсатта құрылған бұл жүйенің өзіндік зияны да бар. Майнингтің бір техникасы үш бөлмелі пәтерден 8 есе артық энергия тұтынады. Ең жоғары жүктеме тіркелген кезде энергия жүйе-

сінде электр қуатының тапшылығы байқалып отыр. Егер «сұр майнерлер» көбейіп, электр энергиясын шектен тыс көп тұтынаса, энергия тапшылығы артуы мүмкін. Ал жаңа станция салуға кемі 3-5 жыл уақыт кетеді. Энергетика саласы осыған алаңдаулы.

Президент пәрмені

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда майнингке салына-тын салықты арттыруды тапсырды. Тапсырма тегін емес. Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында майнингке салынатын қазіргі салықтар сомасы сын көтерілетіндей өткіріп айтып, олар электр энергиясын барынша жоғары тарифтер бойынша алуы тиіс деп мәлімдеді. Мемлекет басшысы майнерлердің электр энергиясын бірнеше облыс тұтынатын көлемде жосықсыз рәсуе ететіндігін алға тартты.

– Жекелеген майнерлер халық төлейтін тарифтерден төмен бағамдарды пайдаланады. Әкелі-

анықтау қажет. Салық және кеден мәселелерін тексеріңіздер. Техникалық шарттар алынған шарттарды, сондай-ақ олардың қызметінің басқа аспектілерін мұқият зерттеңіздер.

Президент майнингке салық бағамы өсетіндігін жариялады. Мемлекет заң жүзіндегі майнингке қарсы еместігін, бірақ осы салада жұмыс істегісі келетіндердің лицензиялары болуы, электр энергиясын барабар тарифтер бойынша алуы, табыстарын декларациялауы және салық төлеуі, жасыл энергетика жобаларын іске қосуы тиіс екендігін аңғартты Мемлекет басшысы.

Тіркелумен тірлік бітпейді...

Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаментінің талдамалық әзірлемелер бөлімінің басшысы Санжар Аккисев Қарағандыда мұндай 22 майнингтік ферма жұмыс атқарған. Оның 11-і қызметін заңсыз іске асырып отырғандығын хабарлады.

– Президент тапсырмасын орын-

дай отырып, өңірдегі заңсыз майнинг фермаларының барлығын жұмысына тоқтам салынды. Осы арқылы 106 MegaWatt электр қуатын үнемдедік. Бұл дегеніміз облыстың күнделікті пайдаланатын электр қуатының төрттен бір бөлігі деген сөз. Бұл мәселе заңдық тұрғыда реттелмеген шақтарда әлгіндей дата орталықтардың көлемі қала орталығындағы City Mall секілді сауда орталықтарына пара-пар болғандығын да көзіміз көрді, – дейді маман.

Қазіргі кезде департамент қызметкерлері бұл бағытта жұмысын жалғастыруда. Ендігі кезекте крипто-алаяқтықтың жолын бөгеп мақсатында республикада тіркелген шетелдік крипто-биржаларды жұмылдыру арқылы ашық дереккөздерді пайдалануға, сұратуға, анықтауға көшкен. Мұнымен бірге, Қарағанды облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті облыс тұрғындарын крипто-қаржылық әлдебір барысындарды жүзеге асыру барысында нақты кіммен жұмыс жасалып жатқандығына мән беру қажеттігін ескертті. Себебі біреу. Желмен келген ақша желмен, елмен келген ақша елмен кетеді... Тіркелумен тірлік бітпейді. Криптовалюта өндірушілер салықтарын төлеуге міндетті.

Сөз соңында аты әлемге мәшһүр экономист Уоррен Баффеттің төмендегі дөйексөзін келтіре кеткенді жөн санадық:

«Бұдан аулақ болыңыз. Негізі бұл бір алтынсағым. Тұғастай алғанда, криптовалюталарға қатысты дүниенің бәрі де күндердің күнінде көкжиекке сіңіп абыройсыз жоқ болады...»

Биткойнның дәурені мәңгі емес. Болжам бойынша 2040 жылы «ауадағы ақшаның» да шет-шегі көріне бастайды. Сондықтан, криптовалюта өндірушілер дәл қазір ұрымтал тұсты ұтымды пайдалану керек деп есептейді. Алайда, елдегі өміршең реформалар бұған қарауыл болып, заңдық негізді талап етеді.

• МӘСЕЛЕ

Қуат аламыз ба, құлап қаламыз ба?

Елімізде энергетикалық сусын ішіп, жүрек талмасына ұшыраған жастар саны артып келеді. Бұл туралы отандық медицина мамандары дабыл қағуда. Жалпы, энергетикалық сусындардың зияны жайлы айтылып та, жазылып та жатыр. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев энергетикалық сусынды сатуға тыйым салу мәселесін қарастыруды тапсырған болатын. Арада жарты жыл өтсе де, бұл тапсырмаға назар салған Үкімет жоқ.

және аскорбин қышқылдары, кофеин, консерванттар, хош иістер мен бояғыштардан тұрды. Және дәріханаларда ғана сатылды.

Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Атырау өңірінде халықпен кездескенде: «...Қоғамда энергетикалық сусындарды жастарға сатуға тыйым салу қажеттігі жиі айтылады. Үкімет бұл мәселені мұқият зерделеп, нақты шешім қабылдауы керек. Мұхтар Әуезовтің «Ел боламын десең, бесінгіді түзе» деген сөзі бар. Біз ұрпақтың денсаулығын және тәрбиесін бүгін ойламасақ, ертең кеш болуы мүмкін», – деп ескертті.

Алғаш рет энергетикалық сусынды 1927 жылы британдық фармацевт Уильям Уокер Хантер жасады. «Glucose» деген атаумен шыққан сусынның 25%-ы глюкозадан және газдалған су, лимон, сүт



► 4-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған «Ortalyq Qazaqstan» облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ редакцияда ресімделуге болады.

Тарифтер:

Санаты	Мерзімі	"Қазпошта" АҚ каталог бойынша Қала	"Қазпошта" АҚ каталог бойынша АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 тг	5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 тг	3111,00 тг

Қарағанды қ. Ермеков к. № 33, 8 қабат, 88 қаб.

Анықтама телефондары:

Руслан - 8-775-482-22-02

Боғатөз - 8-778-846-00-01

Нұрсұлтан - 8-705-902-04-05

Т: 43-57-89

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қауіпті аймақтар – қатаң бақылауда

Облыс бойынша су тасқынына қатысты жағдай тұрақты. Қарғын судың қауіпін жол бермес үшін мұқият дайындық режимі қолға алынған. Бүгінгі таңда су тасқынына қарсы штабтар тәулік бойы жұмыс істеп, жағдайды жігі бақылап отыр. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев облыстық төтенше жағдайлар департаментінің басшысы Мұрат Қатпановпен бірге су тасу қауіпі бар деген өңірлерді тікұшақпен аралап шықты.

Қасымхан ҒАЛЫМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Шерубай-Нұра өзендерінің арнасы бойынша Қарқаралы, Бұқар жырау, Шет және Абай аудандарының учаскелерін айналып өтті. Елді мекендердің жанындағы гидротехникалық құрылыстар, топырақ үйінділері мен бөгеттердің жай-күйін қарап шықты.

– Ақтоғай және Шет аудандарының солтүстік аумақтары, Бұқар жырау ауданының оңтүстік-батыс бөлігі, Осакаров ауданының батыс бөлігі және Нұра өзенінің арнасы бойынша Нұра ауданының солтүстік-шығыс бөлігінің аз бөлігі әлі де қар астында қалып отыр. Қардың



4845 су өткізу құбырларын, 187 шақырым каналдар мен арықтарды, 463 көпірді тазарту аяқталды. 143 шақырым су бұру трансжелері жасалды.

Самарқанд және Ынтымақ су қоймаларынан су ағызу штаттық режимде өтіп жатыр. Ғарыштық мониторингтің мәліметіне сүйенсек, қазіргі уақытта өңір аумағының 25 пайызында қар жатыр.

Облыстың барлық өңірлерінде су тасқынына қарсы жедел штабтар құрылды. Материалдық-техникалық құралдың қоры, оның ішінде 5 мың тоннаға жуық жанар-жағармай, 100 мың тоннадан астам инертті материал және 200 мыңға жуық құм толы қашық дайындалды. Елді мекендерден 2 млн. 192 мың текше метр қар шығарылған.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

«Екі қолға – бір күрек»

Жұырда Балқашта бос жұмыс орындарына жәрменке өтті. Аталмыш шарада жұмыспен қамту орталығының мамандары «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының тиімділігі мен мүмкіндіктерін түсіндірді. Онда белгілі себептермен жұмысынан айырылған, жұмыссыз қалған, сондай-ақ, есепте тұрғандарды жұмысқа шақырды. Балқаштықтарға түрлі мекемелер мен кәсіпорындары тарапынан тұрақты бос жұмыс орындары ұсынылды.

Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бүгінгі бос жұмыс орындар жәрменкесінде жұмыс ұсынып қана қоймай, нәтижелі әрі тұрақты жұмыспен қамту, жұмыс беруші мекемелердің сұранысына сай қажетті маман таңдауына мүмкіндік беріледі. №2

емхана, «БалқашСу», «Балқашуниверсал» мекемелері және жеке кәсіпкер «Арымбекова» сынды ұйымдардан да кадр бөлімінің мамандары шақырылды. Жұмыс іздеп келгендерге жұмысқа орналасу шарттары туралы айтып түсіндірді. – дейді Балқаш қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығының маманы Батыржан Ғалымжанов.

Жәрменкеге жиылған жұрттың қарасы көп, олар мамандығына сай қызметке орналасуды қалайтындығын айтады. Солардың бірі қала тұрғыны Оразалы Қожахметов.

– Жұмыс істеймін деген адамға бір кәсіпті игеруге болады. Мен бұл шараны әлеуметтік желі арқылы естіп келдім. Көп жұмыс бар екен. Қазіргі уақытта мен қызмет жасаған кәсіпорын уақытыша тоқтап тұрған соң осында жүгіндім. Еңбек ету ер азаматтың бірінші міндеті, – дейді ол.

Айта кетейік, бос жұмыс орындарына өткен жәрменкеде 30-ға жуық өтініш түскен. Тек бес адам ғана тұрақты жұмысқа орналасыпты. Ұйымдастырушылардың мәлімдеуінше, алдағы уақытта мұндай шара тағы өтеді.

БАЛҚАШ

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Жұмыспен қамтудағы жүйелі қадам

Әлеуметтің әлеуетін көтеру, бұқараны жұмыспен қамту мақсатында елімізде бірқатар бағдарламалар қабылданды. Ал сол бағдарламаларда көрсетілген міндеттерді орындап, жоспарларды жүзеге асыру – жергілікті биліктің міндеті. Облыс халқының басым бөлігі аудан-ауылдық жерлерде шоғырланғандықтан, бағдарламаларды мейлінше ел игілігіне жарату да басты мақсат болуы тиіс. Анығын айтсақ, жұмыспен қамту бағдарламалары халықтың әлеуметтік жағдайының көтерілуіне оң ықпал етуде. Аймақ тұрғындарын нәтижелі жұмыспен қамту туралы облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүнісбекова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында баяндап берді.

Сағынш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру, орындау және жаңа жұмыс орындарын құру аймақта өз деңгейінде жүргізілуде.

Жұмыссыз халыққа әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында 2023 жылға өңірлік жұмыспен қамту картасы бекітіліп, 54 мың 206 адамды жұмыспен қамту жоспарланып отыр. Оның 5 мыңы – Ұлттық жобалар, 22 мыңы – бос жұмыс орындарына, 17 мың адам жеке бастамалар аясында жұмыспен қамтылады.

Кәсіпкерлікті дамытудың Ұлттық жобасы аясында 31 мың адам жұмысқа орналасады. Оның ішінде, субсидияланатын жұмыс орындарына 5 мыңнан астам, қысқа мерзімді курстарда – 1 551 адам оқытылады деген жоспар да бар.

Мемлекет басшысының Жолдауында жастар бастамашылығын да-

мытуға басымдық берілген. Соған сәйкес, жастар кәсіпкерлігін дамыту мақсатында жалпы сомасы 1,62 млрд. теңгені 2,5 пайызбен 324 жас кәсіпкерге беру көзделіп отыр.

Бүгінде жеті мың адам жұмыспен қамтылған.

– Аймақта жұмыспен қамту мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Жүйелі жоспар арқылы нақты іс-шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі – 4,3 пайыз көлемінде тұрақтанды. Бұл республикалық көрсеткіштен 0,6 пайызға төмен. Жұмыссыздықты жою мақсатында мемлекет тарапынан беріліп жатқан барлық мүмкіндіктерді пайдаланудамыз. Атап айтқанда, «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 1 532 адам, қысқа мерзімді курстарға 7 адам жіберілді. Халықтың әлеуметтік осал топтарына 191 грант беру жоспарланып, бүгінгі күні 49 адам өзінің бизнес-идеяларын жүзе-



ге асыруға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, «Күміс жас» жобасы да жүйелі түрде жүзеге асуда. 50-64 жас аралығындағы адамдарды тұрақты жұмыспен қамтуға күше салып жатырмыз. Және де «Жеке көмекші», «Әлеуметтік қызметкер» мамандықтары бойынша кемінде 1 жыл мерзімге дейінгі және зейнеткерлік жас алдындағы адамдар үшін зейнеткерлікке шыққанға дей-

ін тұрақты жұмыс орнына орналастыруды ұйымдастырамыз, – деді басқарма басшысы Әсем Жүнісбекова.

Жастарды жұмыспен қамту өзекті. Көп жағдайда жұмыс орындары жастардың іс тәжірибесінің жоқ екендігін алға тартады. Осындай келесісіздіктердің алдын алу мақсатында, жастарды жұмыспен қамту аясында «Жастар тәжірибесі»,

«Бірінші жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты» жобалары бойынша төлем мөлшері 30 айлық есептік көрсеткішке артып, мерзімі 12 айға дейін ұзарды.

Биыл аймақта Ұлттық жобалар шеңберінде жүзеге асатын ірі кәсіпорындардан жұмыс орындары ұсынылмақ. Атап айтқанда, Саған индустриялық аймағында шина зауыты, тұрмыстық техника зауыты,

ҚАБЫЛДАУ

Бұқараның базынасын тыңдады

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады. Өтінішпен келгендердің дені тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, әлеуметтік қамсыздандыру және кәсіпкерлік саласына қатысты базыналарын айта келген. Одан бөлек, кездесуге мемлекеттік органдардың өкілдері, басқарма басшылары, қала және аудан әкімдері қатысты.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Мәселен, Нұра ауданы Көбетей ауылының тұрғыны Алтынбек Өмірзақов ауыз судың сапасын, электр желілерінің жиі үзілуін және жайылымдық жерлердің тапшылығын айта келген. Одан бөлек, балабақша салу және жергілікті фельдшерлік-акушерлік пунктке медицина қызметкерін тарту қажеттігі де бар.

– Өткен жылы «Оңтүстік-Солтүстік» бағдарламасы бойынша Қызылорда облысынан Нұра ауданына көшіп келдім. Көбетей ауылында мал шаруашылығымен айналысқым келді. Бірақ біздің ауылдың айналасында жайылымдық жер жоқ. Жолдың бойындағы жер ұзақ уақыт бойы егін егу үшін пайдаланылды. Судың проблемасы да бар, – дейді Алтынбек Өмірзақов.

Алтынбек Өмірзақовты тыңдаған аймақ басшысы Нұра ауданында да осындай проблема бар екенін айтты. Яғни, аталған ауданның 12 ауылы да су мәселесін шешуді күтіп отыр. Ермағанбет Қабдоллаулы Нұра ауданының әкіміне жайылымдық жерлер мәселесін бақылауға алып, халықпен кездесу өткізуді тапсырды.

Тұрғын үйлердің маңайында орналасқан шағын дүкендердің жоғын жоқтап келген Сәуле Әбдірахманованың да айтары бар екен. Күндерін әрең көріп, «шықпа жаным, шықпамен» отырған дүкен иелерінің жағдайы жыл сайын нашарлауда. Жеке тұлға ретінде кәсіпкерлік қызметпен айналысқанымен, коммуналдық қызмет-

терді заңды тұлғалардың тарифтерімен бірдей төлейді. Сәуле ханым одан бөлек, бөлшек салықты да бір пайызға дейін төмендетуді сұрай келген екен.

– Біз дүкендерде электр энергиясы үшін 150-170 мың теңге төлеуге мәжбүрміз. Оған жылу мен суды да қосыңыз. Біздің тарифтер көп пәтерілі үйлердің тұрғындарына қарағанда он есе көп. Осы тарифтерді төмендетуді сұраймыз, – дейді Сәуле Әбдірахманова.

Ермағанбет Бөлекпаев бүгінде басқа механизм әзірленіп жатқанын айтты. Ол пилоттық режимде ол Алматы мен Батыс қазақстан облысына енгізілген. Ал, Қарағанды облысында 2024 жылдың қаңтарынан енгізілмек.

Әліхан Бөкейхан ауданының жергілікті өзін-өзі басқару мүшелері де аймақ басшысына жүгінді. Олар Майқұдықтағы №95 мектептің жанында футбол алаңын салу ұсынысын айтты. Бұған жауапты қала әкімі Мейрам Қожухов берді. Айтуынша, болашақ футбол алаңының аумағы белгіленген.

Одан бөлек, азаматтарды жеке қабылдау кезінде Ермағанбет Бөлекпаев мемлекеттік қордан тұрғын үй бөлу туралы өтініштерді де қарады. Кезекте тұрғандарға пәтер бөлу тетігі және жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар арқылы тұрғын үй сатып алу мүмкіндігі түсіндірілді.

санитарлық-гигиеналық құралдар өндірісі кәсіпорындарда, Нұра ауданы мен Теміртау қаласындағы арнайы кокс өндірісінде, Бұқар жырау ауданындағы пластикалық құбырлар мен пластиктен жасалған бұйымдар өндірісінде және ауыл шаруашылығы саласында ет, құс еті, сүт және сүт өнімдерін өндіру және қайта өңдеу, көкөністер мен гүлдер өсіруге арналған жылыжай кешенінде жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі.

Жұмыспен қамтудағы түйткілді мәселенің бірі маман мәселесі. Осы орайда, маман тапшылығын шешу үшін «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасының өңіраралық еңбек ұтқырлығы шеңберінде облысқа жұмыскерлерді тарту жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде Түркістан облысымен бірлесіп өзара міндеттемелер туралы Меморандум жасалды. Яғни, жұмыс берушілері Түркістан облысында бос жұмыс орындары жәрменкесін өткізді.

Сонымен қатар, аймақта биыл 23 бос жұмыс орындарының жәрменкесі өтті. Оған 2067 адам қатысты, 381 адам жұмысқа орналасты.

Жұмыссыз жастарды ақпараттандыру, жұмысқа тарту мақсатында жедел кеңес беретін Call-орталықтар жұмыс істеуде. Жастар көп жиналатын орындарда қалада жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, жүргізіліп жатқан реформалар туралы тұрақты кеңес беретін мобильді топтар жұмыс істейді. Жалпы, мұндай көмек түрлеріне жеті мыңнан астам адам жүгінген.

• ЖАҢА НЫСАН

Хайуанаттар бағының ғимараты бой көтермек

Биыл Қарағанды хайуанаттар бағына арналған жаңа ғимараттың құрылысы аяқталуы тиіс. Ескі хайуанаттар бағының ғимараты шамамен 7 жыл бұрын қирап, тозығы жеткен. Осы жылдар ішінде саябақ қызметкерлері де, жануарлар да қысылтанып жағдайда күн көрді. Қуанышқа орай, жыл басынан бері құрылыс жұмыстары қайта жанданды. Жануарлар «қоныс тойын» осы жылдың шілде-тамыз айларында өткеруі мүмкін.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»


2016 жылы Қарағандыда қалалық зоологиялық бақтың төбесі құлаған болатын. Саябақ қызметкерлері жылуды жақсы көретін жануарларды қыс мезгілінде көшедегі қолдан жасалған «уақытша торларда» асырауға мәжбүр болды. Қала билігі зообақты қайта жабдықтауға бірнеше миллион теңге бөлгенмен, ол қаражатқа тек төтенше жағдайдағы торлар мен қоршаулар салынды.

Қызметкерлердің өзі жылытылмаған құрылыс вагондарына жайғасқан еді. Содан бері мамандар да «су жаңа ғимаратқа қашан көшер екенбіз» деп зарыға күткенін жергілікті жұрт біледі. Жануарларды бағуға арналған заманауи нормалар пайда бола бастаған шақта ескі хайуанаттар бағының ғимараты ол талаптарға сәйкес келмеді. Өткен ғасырдың орта шенінде салынған бұрынғы нысан қала қонақтары мен демалушы азаматтардың көңіл

шошын пәс қылатын.

Хайуанаттар бағының жаңа ғимаратының жобасы жасалғанымен, іс жүзінде қағаз бетіндегі деректерге сәйкес болмай шықты. Жазғы және қысқы қоршаулар арасында дистилляциялық механизмдер де болмай шықты. Бақ қызметкерлері жануарлардың орнын ауыстыру қажеттігін атқарушы органдарға түсіндіре алмай уақыт ұзатумен болды. Ал, мұндай жағдайда жануарлардың өмір сүру сапасы төмендемек. Басқа да көптеген сауалдар ортаға тасталды. Мәселен, суда жүзетін құстар, тасбақалар мен қолтырауындарға арналған бассейндер қажетті мөлшерге сәйкес келмеді. Өңірдегі қоғам белсенділері салынып жатқан зообақ ғимаратын «жануарларға арналған қоншалар» деп атады бірауыздан.

Қала билігі қоғам өкілдерінің осындай орынды ескертулерін назарға алып, түзету амалдарын жүргізді. Жоба мемлекеттік аудиттен өтті. Бастапқыда жоба бойынша хайуанаттар бағының ғимараты



1 млрд. 700 млн. теңгені құрағанымен, нәтижесінде шарттық сома 1 млрд. 153 млн. теңгені құрады. Салынып жатқан хайуанаттар бағының ғимаратына оның қызметкерлері, құрылыс саласының өкілдері, тілшілер қауымына арнайы экскурсия өтті. Қарағанды әкімдігі құрылыс бөлімінің басшысы Мұрат Камалиев жобаның бастапқыда заманауи стандарттарының болмағанын сыпайы түрде тілге тиек етті. Кездесу барысында хайуанаттар бағының директоры, сондай-ақ бөлім басшылары құрылысшылармен кеңесе келе бірқатар өзгерістер енгізуді талап етті.

— Бастапқыда «Қоныс» ЖШС жобалау ұйымында хайуанаттар бағы тарапынан техникалық сұраныс болған. Жоба бойынша ескертулер болды. 2022 жылдың қараша айында бізбен қосымша келісім жасалды. Тапсыру мерзімі – 2023 жыл. Осы жазда нысанды қолданысқа беруді жоспарлап отырмыз. Тамыз айында, мүмкін одан да терекер, – деп хабарлады «MDK-Build» фирмасы директорының орынбасары Вадим Мағаматов.

Хайуанаттар бағының ғимараты үш қабатты болмақ. Бірінші қабатта приматтар бөлімі жайғасад деп күтілуде. Заманауи желдету

жүйесі де орнатылады. Приматтардың едендері жылытылады, өйткені бұл жануарлар өте термофильді. Жануарларға арналған аралықтар мен қызметкерлерге арналған техникалық дәліздер жасалыпты. Енді

қабатта герпетология бөлімі орналасады. Онда космокенділер мен бауырымен жорғалаушылар жайғасады. Сонымен қатар, тотықұстар мен туқандарға арналған арнайы бұрыш салынады. Қосымша аквариумдар мен террариумдар болады. Олар заманауи сүзгілермен жабдыкталады. Бұлармен бірге, 1000 литрге арналған резервуар орнатылады. Бір қанатты әкімшілік, шағын кітапхана және көрме залы алады.

Вадим Мағаматовтың айтуынша, әлі де әрлеу жұмыстары аяқталмаған. Сәуір айында күмбез келуі керек. Үшінші қабатта Е.Бокетов атындағы Қарағанды университетінің конференц-залы мен кабинеті орналасады. Хайуанаттар бағы мен университет бірлесіп жұмыс істейді. Биология факультетінің студенттері хайуанаттар бағына іс-тәжірибеге келеді, дипломдық жұмыстар жазады, ғылыми қызметпен айналысады. Сондай-ақ, тағы бір кабинет оқушыларға арналмақ. Онда хайуанаттар бағының қызметкерлері сабақ өткізеді. Құрылыс бөлімінің басшысы Мұрат Камалиев хайуанаттар бағының жаңа ғимараты бой көтерген соң мектеп оқушыларына жүйелі түрде экскурсия ұйымдастырылатынына сенім білдірді.

— Хайуанаттар бағы қала тұрғындары үшін көрнекі орталыққа айналады деп үміттенеміз. Қазақстанда мұндай ғимарат әлі салынбады. Бізде тек үш мемлекеттік хайуанаттар бағы бар. Олар Шымкент, Қарағанды және Алматыда, – деп қуанышын жасырмады саябақ директоры.

Балқаш жағалауы көркейеді

Биыл Балқаш қаласындағы жағалау абаттандырылмақшы. Қала тұрғындары серуендеп, демалатын орын аумағында жаңа аллеялар, балалар ойын және спорт алаңдары, велосипед жолы, тротуарлар салу қарастырылған. Негізгі аллеяның ені – 6-7 метр, тротуарлардың ені 2-4 метр болады. Жаңа алаңдарға сұр және қызғылт сары түсті бетон плиткалары пайдаланылады. Абаттандыру сәуір айында басталады. Жағалау екі кезеңде салынады. Әрқайсысына шамамен екі миллиард теңгеден қаржы бөлінген. Құрылыс-монтаждау жұмыстары жүретін аумақтың жобасы бекітілген. Бұл туралы Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автотөлік жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұрболат Бөлеген мәлімдеді.

Нұрболат БӨЛЕГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

— Қала халқынан жағалау жағдайына байланысты көптеген шағым түсті, олар көл маңын абаттандырып, жақсартуды сұраған. Абаттандырылған жағалау қалалықтар мақтан тұтатын, қала қонақтары айта жүретін символ болмақ. Туризмді дамыту үшін де маңызды. Жағалауды абаттандыру аясында көк, ақшыл көк, ақшыл сары және жасыл түсті резеңке-каучук жабын жабылған балалар ойын және спорт алаңдарын жабдықтау жоспарлануда. Ойын кешендері әр түрлі жастағы балаларға арналған. Боялған асфальтбетон жабыны мен велосипед тұрағы бар ені үш метр заманауи велосипед жолы салынбақшы, – деді Нұрболат Бөлеген.



субұрқақтар орнатылады.

Қаланың кез келген азаматы туған жерін гүлдендіріп, абаттандырып, таза ұстауы керек деген Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автотөлік жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұрболат Бөлеген балқаштықтарды тазалық сақтауға шақырды.

— Қалалық жағажайды абат-

тандырудың мақсаты – қаланың экологиялық аймағын қорғау және сақтау, Балқашта туризмді дамыту. Айта кетейік, бірінші кезеңде бұл жұмысты «Балқаш жібек жолы» компаниясы атқарады. Жағалаудың осы учаскесін жөндеуге республикалық бюджеттен 1 миллиард 976 миллион теңге бөлінеді. Оның ішінде 1 миллиард 504 миллион теңге құрылыс-монтаждау жұмыстары-



на жоспарланған, 350 миллионнан астамы жабдықтау жұмсалды. Жұмыс сәуір айында басталып, 9 айға созылады. Техникалық қадағалауды «Қызмет-Инжиниринг» ЖШС (Қарағанды қаласы), авторлық қадағалауды – «ENVICON-А» ЖШС (Энвикон-А) (Алматы қаласы) жүзеге

• ПІКІР

Жастар – Жаңа Қазақстан келбеті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясында «Адам капиталының сапасын барынша арттыру керек» деп атап өтті. Президент бұл мәселе өзінің айрықша назарында екенін айтты. Себебі, Қазақстанның басты байлығы – адам. Оның денсаулығы, білімі, әлеуметтік жағдайы қашанда мемлекеттің міндетіне кіреді.

Президент өз сөзінде білім беру саласына да тоқталды. «Қарым-қабілеті зор, білімді азаматтар елімізді алға бастайды. Сол үшін білім беру жүйесін жан-жақты дамыту қажет. Соңғы жылдары мемлекет бұл салаға инвестицияны едәуір көбейтті» деді.

Білім саласы – ұлт сапасын жақсарту ісінде үлкен рөл атқаратындығы белгілі. Сол себепті жастардың сапалы білім алуына, өмірден өз орнын табуына үлес қосатын оқу орындарының заман ағымына ілесуі де маңызды.

Мәселен, Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті студенттерге жаңа технологиялар негізінде жоғары білім беретінін айта кеткен жөн. Оған қоса биыл

студенттердің білім аясын кеңейту, біліктілігін арттыру мақсатында жаңа ғылыми-білім беру кешендері ашылмақ. Сондай-ақ, ғылымды зерделеп жүрген жастарға арналған конференциялар, ғылыми сайыстар жүзеге асады.

Елдегі адам капиталын өсіру, еліміздің болашағы жас ұрпақты біліммен қарулануды – аса маңызды іс. Жастардың дұрыс білім алуына бағыт-бағдар беру – аға буын міндеті. Осы мақсатта университетіміздегі жоғары білім саласының қызметкерлері жастардың болашағы үшін ауқымды іс атқарып келеді деп айта аламыз.

Президент елімізді алға бастайтын білімді азаматтар екенін айтты. Жаңа Қазақстанның келбеті – жаңаша ойлайтын талантты жастар. Осы білімді де талантты жастарды даярлауда жоғары оқу орындарының қызметі мен маңызы өте зор.

Өсет РАҚЫШЕВ,
Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры

Заң шығару – маңызды функция

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясында сөйлеу сөзінде сегіз мәселеге тоқталды. Оның жетіншісінде Президент: «Жұрт заңдардың кейбір ережелеріне наразылық білдіріп, шағым айтуда. Конституциялық Соттың шешімдері кейбір шағымдардың орынды екенін көрсетіп отыр. Яғни, заңнаманың жетілген нормалары Ата Заңға қайшы екені анықталды. Бұл келеңсіздіктер құқық қолдану ісінде қиындықтар туғызады. Конституцияға қайшы мұндай нормалар жарамсыз деп танылады» деген еді. Осындай ережелерге сүйеніп қабылданған соттың және басқа мемлекеттік органдардың шешімдері қайта қаралуы тиіс екенін және заңдар Конституцияға толық сай болуы керек екенін айтты.

Әрине, мұндай істе заң шығарушы орган Парламенттің маңызы зор. Заң шығару – мемлекеттің маңызды функцияларының бірі. Басқарудың нақты формалары, саяси режимдер, мемлекеттік билікті жүзеге асыру тетіктері заң шығару қызметінің мазмұнына айтарлықтай әсер етеді. Бұл тұрғыда мемлекеттің заң шығару саясаты туралы айту керек. Бір жағынан ол – мемлекет функцияларының өзіндік көрінісі және нақтылануы, екінші жағынан, олар заң шығару процесін ұйымдастыру саласындағы өзінің

имманентті қасиеттері мен саяси және басқарушылық мүмкіндіктерін білдіреді. Мұндай қорытынды заң шығару саласында іске асырылатын құқықтық саясаттың ең маңызды бағыт-бағдары – заңдарды дайындау және іске асыру тетігін қалыптастыру, оның жетекші құраушы заң шығару процесінің тиімділігін бірлікте және қабылданатын заңдардың іс-әрекетінің тиімділігімен тығыз байланыста бағалау.

Заңнамалық реттеудің кемшіліктері мен тиімділігінің төмен болу себептерін заң шығарушы органдарға жауып қоюға болмайды. Олар көбінесе құқықтан тыс болады және қоғамда болып жатқан процестердің мәнін көрсетеді. Сонымен бірге, заң шығарушы субъектілердің өздерінің ықпалының дәрежесін төмендетуге болмайды, өйткені мемлекеттік органдардың іс-әрекеттерінің тиімділігі мен дұрыстығы біздің құқықтық мемлекет идеясына және азаматтық қоғамды қалыптастыруға қаншалықты тез және тиімді әсер етеді, айқындайды. Президент тоқталған осы мәселе өз шешімін табады деген ойдамын.

Алмаз ЖЕКЕСҚИИ,
академик Е.Бокетов атындағы Қарағанды университеті заң факультетінің тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары, философия докторы (PhD)

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Мал дәрігерлеріне көлік берілді

Қарқаралы қаласының ветеринарлары енді жаяу жүрмейді. Жеті жаңа Chevrolet cobalt автокөлігі Абай, Қаршығалы, Қоянды, Егіндібұлақ, Ынтыалы, Шарықты ауылдық округтері мен аудандық ветпункке бөлінді.

Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

— Ауылдық жерлердегі ветеринариялық пункттерді автокөлікпен қамтамасыз ету негізгі мәселе болатын. Былтырдан бастап бұл олқылықтың орны тола бастады. Биыл да қосымша автокөлік алып отырмыз. Бұрын біздің мамандар ескі «Нива» көлігімен жүрген, олар жиі бұзылатын, – дейді Қарқаралы ауданының ветеринариялық станциясының басшысы Аян Мержақыпов.

Аудан халқының басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысқан-

дықтан ветеринария саласын дамыту, мал дәрігерлерін жұмысқа алу қашада өзекті.

— Ауылдық округте – 3500 бас ірі қара, 5300-ге жуық ұсақ мал бар. Ақпан айынан жануарларды жоспарлы вакцинациялау басталды. Оның үстіне мал төлдеуде. Осындай науқан уақытында автокөлігіміз жиі бұзылып, жүріп-тұруымыз қиындайтын. Жаңа көлікке қолымыз жетіп, жұмысымыз да қарқынды жүреді деген ойдамыз. Ауылдық ветпункте екі фельдшер, бір санитар жұмыс істейді – дейді, Қаршығалы ауылдық округінің ветеринариялық пунктінің менгерушісі Айымгүл Қойайдарова.





● БРИФИНГ

Шахтинскіде шаруа шаш етектен

Шахтинск қаласының әкімі Мұрат Қыдырғанбеков 30 наурызда өңірлік коммуникациялар алаңында бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен брифинг өткізді. Онда қаланың 2022 жылдағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындыларын баяндап, биылғы жоспарларын айтты.

Эржан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өткен жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 21 миллиард 86 миллион теңгені құрап, 106,5 пайызға жеткен. Биыл оны 1,3 пайызға арттыру жоспарланған.

Есепті кезеңде негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 23 миллиард 45 миллион теңге (өсім 53,7 пайыз) болыпты. Ал, 2023 жылы бұл көрсеткіш 142,6 пайызды құрамақ.

Әкімнің айтуынша, қалада құрылыс ісі де қарқынды. Мәселен, былтыр 5998 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, биыл ол 143,4 пайызға артпак. Оған К.Марк қосешінінде салынып жатқан бес қабатты үй мен жеке тұрғын үй құрылысы да енеді. Сонымен бірге Шахан кентіндегі көпқабатты үйді жаңғырту да қолға алынады. Қазір оның жобалық-сметалық құжаты сараптан өткізілуде.

Долинка кентіндегі отбасылық денсаулық орталығының ғимаратына кезекті жөндеу жүргізілсе, Новолюкинск кентінде де сондай нысан

лына, сондай-ақ, Станционная мен Чкалов көшесіндегі жолдардың 6 километрі жөнделген. Биыл тағы да 10 километр жол жөнделмек.

Мұрат Қыдырғанбеков қаланы абаттандыру барысына да тоқталды. Оның айтуына қарағанда, бес аула ретке келтіріліп, 2,5 мың шаршы метр тротуар жөнделіпті. Қала көшелеріне 90 жарық тірегі орнатылып, 39 шам ауыстырылған. Енді биыл тағы 40 жарық тірегі орнатылмақ.

Шахтинскіде шағын және орта бизнес те жақсы дамып келеді. Мәселен, өткен жылы 41 кәсіпкерге 150 миллион теңге қаржылық қолдау көрсетіліп, «Атамекен Қарағанды» қаржы ұйымы арқылы 3 кәсіпкер 13 миллион теңгенің шағын несесін алып, 3 адамды жұмыспен қамтыған. Жастар кәсіпкерлігін қолдау мақсатында 17 адамға қала әкімінің гранты берілген. Мемлекеттің қатысуынсыз аймақта 18 жаңа нысан құрылып, 90 адам жұмысқа тұрыпты. Бұлардың бәрі өткен жылдың 1 қазанына дейін 10 миллиард 47 миллион теңгенің өнімін өндірген.



маңы абаттандырылды. Қала емханасы өз қаражатына төрт лифт сатып алды. Шахан кентінің отбасылық денсаулық орталығы да биыл күрделі жөндеуден өтпек көрінеді.

Өткен жылы қалада іске қосылған денешынықтыру-сауықтыру кешенінде бүгінде 12 спорт секциясы жұмыс істеп, 800 бала спортпен айналысып жүр.

Бұдан әрі қала әкімі 2022 жылы өтініш берген 1270 адамның 93%-ы жұмысқа орналастырылғанын мәлім етті. Жұмыссыздық деңгейі 20,2%-ға төмендеген.

Келесі кезекте қала ішіндегі автожолдар мен жүргіншілер жолдарының жайы сөз болды. Мысалы, былтыр облыстық бюджет қаржысы есебінен Абай Құнанбаев көшесінен Қазақстан көшесіне дейінгі көлік жо-

Білім беру саласында да оң өзгерістер баршылық. Мәселен, «Kanysta» жекеменшік балабақшасы 75 орынға ұлғайтылып, 5 мектептің ас блоктары мен асханаларына кезекті жөндеу жасалған. Мектептер үшін спорт жабдықтары, балаларға 63 миллион теңгеге оқулықтар сатып алынған. Сонымен бірге оқушыларды ыстық аспен қамтамасыз етуде де мәселе жоқ. Олардың ойнап, тынығуы үшін бір қорт іске қосылса, биыл тағы бір қорт қатарға қосылады. Сол сияқты 3 ойын алаңы жасалып, 3 футбол алаңы қалыптастырылды.

Қала тұрғындары өткен қыстан қалтырмай шығып, енді биыл осындағы 28 километр тораптар жаңадан тартылады. Байқап отырсақ, шағын қала Шахтинскіде де шаруа шаш етектен екен.

● КОНФЕРЕНЦИЯ

Тұлғаны ардақтап, сала жетістігін салмақтады

Облысқа танымал жоғары санатты дәрігер-микрохирург, медицина ғылымдарының докторы, профессор, білімі мен біліктілігі жоғары ғалым 64 ғылыми жұмыс пен монографияның авторы Ғабдулмәжит Мамалиновтің есімі ел есінде. Қарағанды медицина университетінде соңына өшпес із қалдырған медицина майталманын еске алуға арналған «XXI ғасыр хирургиясындағы инновациялар» тақырыбында республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды медицина университетінің хирургиялық аурулар кафедрасының профессоры, медицина ғылымдарының докторы, «Қазақстандық хирургтар қоғамы» Қарағанды филиалының төрағасы Қ.Шакеев, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Сургут мемлекеттік университетінің хирургиялық аурулар кафедрасының профессоры В.Дарвин, Алматы қаласындағы көпсалалы ауруханасының директоры, профессор Ж.Исмаилов шараны құттықтау сөзбен ашты.

Хирургтардың біліктілігін шыңдайтын конференцияда шеберлік сағаты өтті. Хирургиялық бейіндегі ауруларды жедел емдеудің жолы, инновациялық технологияларды оқыту әдістерін үйрету мақсатында операциялық залдардан тікелей трансляция жүргізілді. Қалқанша безіне эндоваскулярлық операция, колоректалды хирургиядағы лазерлік технология, морбидті семіздік хирургиясындағы жаңа әдістер, өт жолындағы тастарды алу жолы, диафрагмалық грыжаны жою, бүйректегі тасты зақым келтірмей алу секілді емдеудің жаңа технологиялары көрсетілді. Отандық медицинадағы озық деген ота түрлері көрсетіліп, жасалу жолдары, тиімділігі айтылды.

Отандық және халықаралық ғалымдар бас қосқан конференцияның негізгі мақсаты – заманауи және тиімділігі жоғары денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыру. Денсаулық сақтау саласында бәсекелестікке қол жеткізу үшін қоғамдық денсаулық сақтаудың барлық деңгейіне тиімді менеджмент енгізу, соның ішінде жаңа медициналық технологияларды жасау мен практикаға енгізу. Жоғары сапалы ғылыми-зерттеулер мен инновацияларды хирургия саласына енгізе отырып, тұрғындардың денсаулық жағдайларын жақсарту.

Шараны ұйымдастырушы Қарағанды медицина университеті, облыстық денсаулық сақтау

жайы қозғалды. Хирургиядағы, микрохирургиядағы және ангиологиядағы инновациялық технологиялар, клиникалық медицинада зерттеудің жоғары ақпараттық әдістері мен емдеудің инновациялық технологияларын енгізу, хирургиялық бейіндегі пациенттерді



басқармасы және Қазақстан хирургтар қоғамының Қарағанды филиалының да көздегені хирургия саласындағы жетістіктерді жария ету, кемшін тұстарын бірлесіп отырып талқылау, мінсіз сапалы қызмет көрсетуде өзара тәжірибе алмасу. Конференция барысында қатысушылар бұл үдеден шыға білді.

Медициналық білім, ғылым және тәжірибе интеграциясының жеткіліксіздігі, практикалық денсаулық сақтау саласының жоғары білікті мамандарын білім беру үдерісіне тарту белсенділігінің төмендігін шешудің нақты қарары, ғылыми оқу кластерін дамыту, медициналық білім беру сапасын арттыру, көпсалалы ғылыми-зерттеу орталықтарын құру және клиникалық медицинаға ғылыми жетістіктерді енгізу мәселелері кеңінен талқыланды. Клиникалық хирургияға ғылыми негізделген әдістерді енгізе отырып, тәжірибеде жоғары технологиялардың тиімділігін көрсету, ғылыми жетістіктерді коммерциализациялау, емдеу-профилактикалық жұмыстарының сапасын жақсарту

емдеу сапасын арттыру мәселелері кеңінен талқыланды. Ол үшін мамандардың білімі мен біліктілігін жетілдіру керек деген ұсыныстар да көтерілді.

Клиникалық практикадағы қателер мен қауіптер мәселесі де өзекті. Медициналық қателерді болдырмау мен алдын алу маңызды. Медицина мамандарының білімі мен біліктілігі сыналатын салада мамандар тапшылығы да туындауда.

Конференцияда «Созылмалы панкреатитті хирургиялық емдеу: көрсеткіштер, операция көлемін таңдау», «Қол жарақаттарының микрохирургиясының заманауи аспектілері», «Колоректалды хирургиядағы инновациялық технологиялар» және тағы да басқа өзекті тақырыптар төңірегінде тұшымды баяндамалар жасалды.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Ғабдулмәжит Мамалинов туралы ҚМУ-нің хирургиялық аурулар кафедрасының профессоры, медицина ғылымдарының докторы, «Қазақстандық хирургтар қоғамы» Қарағанды филиалының төрағасы Қайрат

Шакеев «Хирург өмірі – шығармашылық» деген тақырыпта естелік баяндама жасады. 1965 жылы Бұқар жырау ауданында теміржолшылар отбасында дүниеге келген ғалымның дәрігер болу бала күнгі арманы. Жарық жұлдыздай жарқ етіп, айналасына білім-біліктілігімен жақсылықтың нұрын шашқан азаматтың ғұмыры да қысқа болды. Ауруы асқынды, дерті дендеп, дауа іздегендерге арашасы болған білімі мол, қолы алтын, жүрегі жылы, ақ желеңді жан отандық медицина саласының дамуына зор үлес қосты.

Үлкен ізденіспен жүріп, биік белестерді бағындырды. Студент мамандардың білімі мен біліктілігін жетілдіру керек деген ұсыныстар да көтерілді. Клиникалық практикадағы қателер мен қауіптер мәселесі де өзекті. Медициналық қателерді болдырмау мен алдын алу маңызды. Медицина мамандарының білімі мен біліктілігі сыналатын салада мамандар тапшылығы да туындауда. Конференцияда «Созылмалы панкреатитті хирургиялық емдеу: көрсеткіштер, операция көлемін таңдау», «Қол жарақаттарының микрохирургиясының заманауи аспектілері», «Колоректалды хирургиядағы инновациялық технологиялар» және тағы да басқа өзекті тақырыптар төңірегінде тұшымды баяндамалар жасалды.

Медицина ғылымдарының докторы, профессор Ғабдулмәжит Мамалинов туралы ҚМУ-нің хирургиялық аурулар кафедрасының профессоры, медицина ғылымдарының докторы, «Қазақстандық хирургтар қоғамы» Қарағанды филиалының төрағасы Қайрат

Қуат аламыз ба, құлап қаламыз ба?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кейіннен, бұл сусынды еңбек потенциалын арттыру мақсатында Жапония халқы пайдалана бастады. Жапондықтардың ой қабілетінің жүйріктігі, АҚШ-тан кейінгі екінші экономикалық державаға айналуына осы сиқырлы сусынның әсері болды деген деректер де бар. Дегенмен, жапон халқының өмір сүру жасының ұзақтығына қарап, энергетикалық сусынды жиі қолданады деп айтуға тағы келмейді. АҚШ-тың Қорғаныс министрлігі Vietnamмен соғысқанда жауынгерлеріне күш беру мақсатында тұрақты түрде ішкізген. Нәтижесінде жауынгерлер арасында бас және бауыр аурулары жиілеп, әскерлерге беруге тыйым салынады. Тарихтағы осындай келеңсіз оқиғаларды біле отырып, елімізде энергетикалық сусындардың жасөспірімдерге сатылуына тыйым салуға мемлекет құлықсыз.

Еліміздегі дүкендерді еркін аралап жүрген энергетикалық сусындардан ДНҚ-ға қауіпті қоспалар да табылған. Яғни, ол – еркектерді белсіз, әйелдерді бедеу ететін қоспалар.

2017 жылғы желтоқсанда Мәжіліс депутаттары елімізге энергетикалық сусындардың әкелуін шектеуді ұсынды. Іле Денсаулық сақтау министрлігі энергетикалық сусындарды жасы 21-ге жетпеген жандарға сатуға тыйым салатын Қаулы қабылдады. Алайда, екеуі де күшіне енген жоқ. Тұқымдымызды тұздай құртатын энергетикалық

сусындар сауда орындарында әлі де сатсап тұр.

Шаршағанды басып, сергек жүру үшін дәмді тәтті, әсері қатты сиқырлы сусынға тәуелділердің басым көпшілігі жастар. Мектеп қабырғасындағы жасөспірімдердің «Ертеңгі жарысқа горилла ішіп барайық, шаршамаймыз сонда» дегенін құлағым шалып қалды. Жан беріп, жан алысып, ала доптың сонынан жүгірсе, оған қоса энергетик ішсе, аттай тулап атқақтаған жүректен не қалар?! Дерек бойынша елімізде 15 жастан асқан жастардың 45%-ы осы сусынды ішеді.

Жалпы энергетикалық сусындар адамның жүйке жүйесін ынталандыру үшін пайдаланады. Мәселен, құрамындағы қоспа-қоздырғыштар кофеин, гуарана және женьшень сынды өсімдік заттар өздерінің сергіткіш қасиеттерімен танымал. Ал, аминқышқылдар болса, бір жүйке талшығынан екіншісіне импульстарды тезірек беруге көмектеседі. Таурин жүрек жұмысының қызметін ынталандырады. Мұндай компоненттердің қосындысы жүрек пен жүйке жүйесінің жұмысына өте қатты ықпал етеді. Олардың тахикардия, психомоторлы козу, күйгелектіктің артуы, депрессияны тудыратын жанама әсерлері де бар. Энергетикалық сусындарды артық пайдалану артериалды қан қысымының немесе қандағы қант деңгейінің артуына ұрындырады. Ал, энергетикалық сусындарды алкогольмен араластыруға мүлдем болмайды. Олардың

құрамындағы кофеин қан қысымын арттыратын болса, алкоголь оның әрекетін одан әрі күшейте түседі. Нәтижесінде гипертониялық криз



болуы ықтимал, – дейді Қарағанды облысы №5 емханасының алдын алу және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімінің меңгерушісі Раиса Федорова.

Жүрек ауруларының барлық түріне әкелуі әдемі мүмкін. Энергетик сусындар адамға энергия береді деген түсінік қалыптасқан.

Бұл – қате пікір. Сусында тек энергия қоздырғышы ғана бар. Ол адам бойындағы бір тәулікке жететін энергия қорын пайдаға жаратады.

Сокырдың өз бидайын өзіне қуырып бергенмен бірдей. Энергия қоздырғышы – кофеин, таурин және көмірқышқыл газы. Егер күнделікті қолданған жағдайда, адам бойындағы энергия қоры таусылады. Адамда енжарлық, шаршаңқы күй байқалып, соңы депрессияға соғады. Осы олқылықтардың орнын

толтыру үшін энергетикалық сусынға анасы ауа береді. Бұл тәуелділікке ұласады.

– Осы сусынды ішіп жүргенімде үш жыл болды. Жиі тұтынамын. Бастапқыда жұмыс өнімділігім артыру мақсатында қолданғанмын. Кейіннен тәуелді болдым. Шөлдімді

сының тұрғыны Ардақ Дәуренқызы.

Иә, бүгінде бұл сусынның дәмін татып, «ширап» жүрген жастар, оның зияны туралы ойлауға құлықсыз. Шамадан тыс қолданған жағдайда, қан қысымдары көтеріліп, мұрындыры қанааса да мән бермейді, ал құрамындағы қант алдағы уақыттарда қант диабеті ауруына алып келетіндігін назарға алмайды.

Оның ішінде синтетикалық кофеин, таурин, көмірқышқыл газынан тұратын энергетикалық сусындарды тұтынатындары да бар. Ал, синтетикалық жолмен алынған кофеиннің зияны көп. Энергетикалық сусынның бір құтысында синтетикалық жолмен алынған кофеин 3-4 есеге жоғары. Бұл адам ағзасына кері әсерін тигізеді, сонымен бірге, тәттілік зағы басым сусын қандағы қант деңгейін жоғарылатады. Одан кейін синтетикалық заттардың көп болуы зағ алмасуды бұзады. Мамандардың сөзінше, жастайынан энергетикалық сусынды жиі ішетін жандардың жасушалары ластанып, ас қорыту жүйесінде қалдықтар жиналады. Зағ алмасу процесі бұзылып, бауыр мен бүйрек жұмысы нашарлайтын айтады Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы өкілдері.

Бір қызығы, кейбір энергетикалық сусындар қалбырында «Халал» жазуы бар. Бұл сертификатты кімнің беруі мүмкін деген сұрақпен облыстағы «Халал» сертификаттың беретін орталық өкіліне хабарластық. «Бұл біздің логотип емес. Бізде сертификат беретін бірнеше орталық бар. Солардікі болуы керек» деген жауап алдық.

Ақша, пайда деп, энергетикалық сусынның зияны қалтарыста қалып келеді.

ӨЗЕКТІ

Екпені елемейдің зардабы зор

Қазақстан дәрігерлері алаңдаулы. Қазақстанның ғана емес, әлем эпидемиологтары қызылшаның таралуынан қауіптеніп отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтеріне сүйенсек, жөтел, мұрыннан су ағу, конъюнктивит және бөртпе түрінде көрінетін жіті вирустық ауруды басқа вирустармен шатастырып алу оңай. Алайда, оның салдары ауыр.

– Қызылшаның бастапқы клиникалық белгілері жедел респираторлық вирустық инфекцияларға

Жансия ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Эпидемиологтардың айтуынша, қызылша – әлемдегі ең жұқпалы дерт. Жоғары температура, интоксикация, жөтел, мұрыннан су ағу, конъюнктивит және бөртпе түрінде көрінетін жіті вирустық ауруды басқа вирустармен шатастырып алу оңай. Алайда, оның салдары ауыр.

– Қызылшаның бастапқы клиникалық белгілері жедел респираторлық вирустық инфекцияларға

қарсы көрсетілгенді себебінен 11 адам ауырған. Дертті сырт елдерден әкелгендер де жоқ емес.

Гүлжан Жақтайқызының айтуынша, облыста 3 жағдай тіркелді. Ауырғандар дертті Түркиядан жұқтырып әкелген. Ауырғандардың 94%-ы 14 жасқа дейінгі балалар.

– Қызылша ошағында барлық профилактикалық және эпидемиология қарсы іс-шаралар жүргізілді. Науқаспен байланыста болғандар арасындағы бұрын екпе алмағандар вакцина алды. Бүгінде жағдай толық

Сабина Аманбаева – екі баланың анасы. Ұлы Әмір – алтыда, қызы – екіде. 2020 жылдың басында бірінен соң бірі қызылшамен ауырды. Екеуіне де екпе алмаған.

– Екпеге қарсылық себебі түрлі болуы мүмкін. Біреулер дәрігерге сенбейді, уайымдайды. Өрине, екпе салу да тәуекел. Менің екпеге қарсылығым жоқ, бірақ, өне-міне деп жүргенде балаларым ауырып қалды. Қандайда бір медициналық себептер болмаса, екпені дер кезінде алған дұрыс екен, – дейді ол.

Ол баласының вирусты балабақшадан жұқтырғанын айтады.

– Ең сорақысы да осы, – дейді Сабина Аманбаева. – Балабақшада ауырған баланың ата-анасы оны жасырған. Басында тұмау делік, кейін денесіндегі бөртпелер көріп, қызылша екенін түсіндім. Қызым да ауырды. Ата-аналар өз балаларын ғана емес, өзгені де баласын ойлап, айналысына қауіп төндіретінін білсе екен деймін.

Одан бөлек, мамандар діни себептермен бас тартатындар туралы айтады. Ислам діні керісінше, әрбір адамға өз өмірі мен денсаулығына дұрыс күтім жасауға және ауру-сырқаттан емделудің алдын алу жолдарын іздеуге міндеттейді.

– Алла елшісінің (с.ғ.с.): «Емделіндер, расында Алла әрбір дертті шипасымен қоса жаратты. Бір дерттің ғана дауасы жоқ, ол – кәрілік», – дегені бар, – дейді Әнет баба мешітінің найб имамы Нұржігіт Мұсабеков.

Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының шарият және пәтуа бөлімі бұл мәселеге қатысты арнайы пәтуа шығарды. Оған сәйкес, аурудың алдын алу мақсатында вакциналауға рұқсат етілген. Мұндай вакциналау әрбір азаматтың келісімі бойынша орындалуы тиіс. Дін ғалымдары қоғамда жұқпалы (вирустық) аурулар күшейіп, өзіне және өзге адамдарға зиян тигізу ықтималы артса, сол ауруға қарсы екпе алу қажет болады деген шешімге келеді. Сондықтан, дін атын жамылып, аманатқа берілген денсаулыққа қиянат қылға болмас.

Бір ай болды, елде қызылшаға қарсы иммунитеті әлсіздері бар. Соның алғашқы екі аптасында әуелде бас тартқан 197 адам райынан қайтып, екпе алған. Елдің бас санитариялық дәрігері қызылшамен сырқаттанушылықтың өсуі мен таралуына жол бермеу мақсатында арнайы қаулы да қабылдады. Дегенмен, адам санасы өзгермей, құжат ештеңе өзгерте алмас. Тек, екпені елемейдің «құны» тым қымбат болмасын.



ұқсас. Міне, осы кезеңде бөртпелер шыққанға дейінгі төрт күн және одан кейінгі үш күн ішінде науқас басқаларға қауіп төндіреді. Ауру асқынғанда қауіпті. Олардың арасында пневмония, энцефалит, паниенцефалит сияқты аурулар бар. Олар мүгедектікке де душар етуі мүмкін, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Гүлжан Байғұтанова.

Дерттің ушығуын вакцинациядан бас тартушылардың көбейгендігімен байланыстыратын мамандар қызылшаның арнайы емі жоқ екенін айтады. Сондықтан, одан сақтанудың басты жолы вакцинация екенін алға тартады. Жалпы, адам баласы ұмыта бастаған аурулардың қайта шығуы екпеден бас тартқандар. Қазақстанда соңғы рет қызылша 2019 жылы белең алған болатын. Сол кезеңде 1 жасқа дейінгі балалар мен 22-29 жастағылар екпе алған еді. Енді міне, араға жыл салып, тағы қауіп төндіріп тұр. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегіне, қызылшамен ауырғандардың неғіз бөлiгi, 69%-ы – екпе алмағандар. Оның ішінде, вакцинадан бас тартқандар 35 адам, медициналық

бақылауда, – дейді маман.

«Бір құмалақ бір қарын майды шірітетіні» сияқты, ауырған бір бала балабақшадағы немесе сыныптағы барлық балаға қауіп төндіретінін ескерсек, ата-ана неге алансыз? Эпидемиолог дәрігер Динара Әбішеваның сөзіне сенсек, бүгінде ата-аналар балаларына екпе салдыртуға асықпайды екен. Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес, қызылшаға қарсы екпе 1-6 жаста жасалады. Алайда, соңғы жылдары көптеген ата-аналар екпенің түрлі салдарын желеу етіп балаларына екпе салдырмайды.

– Екпенің кез келген түріне қарсы адамдар тобы бар. Олар екпе балаларда аутизм, түрлі асқинулар тудыруы мүмкін деп санайды, вакцина құрамы бала иммунитетіне ауыр болады деген себеп те айтады, тіпті, екпе салдыру Батыстың құйтқыры саясаты деп есептейтіндері де бар, – дейді дәрігер.

Облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің дерегіне, аймақта соңғы жылдары балалар мен жасөспірімдер арасында қызылшаға қарсы екпеден бас тартқандар саны 3 мыңнан асқан. Оның 41%-ы 1 жас-тан 6 жасқа дейінгі балалар.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Дәруменнің пайдасы

Көктемде қыстан әлсіреп шыққан ағзаны қоректік заттармен демеу беру керек екенін қазір бәрі біледі. Дәл осы кезде әлсіздік, бас айналу, бас ауру сияқты белгілер пайда болады. Оның үстіне қыстай түрлі инфекциялық аурулармен күрескен ағзаға дәрумен керек-ақ. Шаршау, әлсіздік, тәбеттің төмендеуі, жүйке жүйесі функциясының, ұйқының бұзылуы тәрізді жалпы белгілері болғанымен, дәрігерлер нақты қай дәрумен жетіспейтінін адамның сыртқы келбеті мен жалпы жағдайына қарап анықтауға болады дейді. Әлбетте, оның өзі нақты дерек емес. Дегенмен, біле жүргеннің артықтығы жоқ.

А дәрумені

Егер тырнаққа көлденең ақ жолақтар түссе, ағзаныңа дәл осы дәрумен жетіспейді. Бұл – алғашқы белгісі. Егер алдын алмаса, тері құрғап, бетке әжім түсіп, шаштың түсуі жиілейді. Одан бөлек, А дәруменінің жетіспеушілігі гастритке, көздің көру қабілетіне, диареяға және бронхитке әкеледі.

Дәрігерлер сәбіз және қызыл-қызыл сары жемістер мен көкөністерден бөлек, сары май, ірімшік, жұмыртқаның өзі ағзадағы А дәруменін толтыра алатынын айтады.

Д дәрумені

Аталған дәруменнің жетіспеушілігінен көп жағдайда балалар зардап шегеді. Нәтижесінде, рахит және тірек-қимыл аппаратының дамуы тежейді. Ал, ересектерде күйзеліс, психомоторлық реакцияның бұзылуы және тырысу, сондай-ақ, қан қысымы жоғарылауы мүмкін. Д дәрумені майлы балық, бауыр және сүтте көп.



Е дәрумені

Терінің ерте қартаю белгілері байқалса, ағзада дәл осы дәруменнің жетіспейтіні. Сонымен қатар, ағзада Е дәрумені жетіспесе бұлшық ет әлсіреп, репродуктивті

функция бұзылады. Тағамға асқөк, бадам, зәйтүн майы және шпинат пайдалану арқылы ағзадағы Е дәруменінің орнын толтыруға болады.

КЕҢЕС

Құмнан келер қауіп көп

Көктем келіп, күн жылынғалы бала атаулы далаға шығуға асық. Аулада құммен ойнау – балалардың жақсы көретін ісінің бірі. Дегенмен құммен ойнау қауіпті инфекциялық және паразиттік аурулардың көзі болуы әбден мүмкін. Құрттар, токсокарлар, токсоплазмалар, лямблиялар, эхинококктар – бұл нәжісте, жүнде, жануарлардың қауырсындарында болуы мүмкін паразиттердің бір парасы ғана. Сондықтан, облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті ата-аналарға бұл мәселеге назар аударуды ескертеді.



Дымқыл құм патогендік бактериялардың көбеюіне ықпал етеді. Үй аулалары мен балабақшалардағы құмсалғышта иттер, мысықтар, кеміргіштер мен құстардың жүретіні жасырын емес. Сол себепті де санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті мамандары кеңес береді. Құм арасындағы тастарды, шөптерді, тамақ қалдықтарын және паразиттер мен бактериялардың көзі болуы мүмкін басқа қоқыстарды алып тастау, сондай-ақ 40 см тереңдікке електен өткізу ұсынылады. Мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар үйлерінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жыл сайын көктемде ойын алаңдарында құм толық ауыстырылуы тиіс. Алдымен құм жәшік-

терін қыс мезгілінде жиналған барлық қоқыстардан тазарту қажет. Паразитологиялық, микробиологиялық, санитарлық-химиялық, радиологиялық көрсеткіштер бойынша жаңадан әкелінетін құм нормативтерге сәйкес келуі тиіс. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың әкімшілігі өндірістік бақылау шеңберінде жылына кемінде бір рет құм мен құмтас топырақтарынан санитариялық-микробиологиялық және паразитологиялық зерттеулер (гельминттерге) жүргізуді қамтамасыз етуі тиіс екенін еске саламыз. Балалармен серуендеу кезінде әрқашан дымқыл майлықтар болғаны дұрыс. Баланың қолын, ой-

ыншықтарын, басқа да заттарды аузына салмауын қадағалап, әр серуеннен кейін ойыншықтар мен аяқ киімдерді мұқият тазалау қажет. Балаларға жеке гигиена дағдыларын үйретіңіз. Серуендеуден кейін, құмсалғышта ойнағаннан кейін, иттермен, мысықтармен байланыста болғаннан кейін, тамақтанар алдында, дәретханадан кейін қолды сабынмен мұқият жуу керектігін ескертіңіз. Осы іс-шаралардың барлығы балалардың паразиттік аурулармен ауыру қаупін азайтуға бағытталды. Бала денсаулығы ата-ананың қолында.

Болат АЛПЫСПАЕВ,
облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары

Хабардар болу – алдын алу

2 сәуір – Дүниежүзілік аутизм мәселесі туралы ақпарат тарату күні. Осыған байланысты аутизммен ауыратын балаларды қолдау орталығы денсаулық сақтау басқармасымен 10 сәуірге дейін облыс емханаларында сағат 09.00-ден 16.40-қа дейін балаларға скринингтік диагностика жүргізеді. Мұндай шара облыста алғаш рет ұйымдастырылуда. Алғашқы күннің өзінде 3 балада аутистік спектрдің бұзылуы анықталды.

• 04.04.2023 жыл Қарағанды қаласының №11 емханасы Қарағанды қаласы, 11а ы/а, 10/1	Қарағанды қаласының №2 емханасы Қарағанды қаласы, Ардақ көшесі, 1
• 05.04.2023 жыл Қарағанды қаласының №8 емханасы Қарағанды қаласы, Можайский көшесі, 13/1	• 07.04.2023 жыл Теміртау қаласының №4 емханасы Теміртау қаласы, 8 ы/а, 105
• 06.04.2023 жыл	• 07.04.2023 жыл Теміртау қаласының №1 емханасы Теміртау қаласы, Чайковский көшесі, 27/1

К дәрумені

Оның жетіспеушілігі қанның ұюына теріс әсер етеді. К дәруменінің тапшылығының тағы бір белгісі – қызыл иектің қанауы мен ешқандай себепсіз денеде көгерудің пайда болуы. Асқөк, қырыққабат, сүт және сүзбе аталған дәруменнің жетіспеушілігін толтыруға көмектеседі.

тердің ауыруы байқалады, шашпен тырнақтың өсуі тоқтайды. Тіпті, теріде түрлі жаралар пайда болуы мүмкін. Бауыр мен жұмыртқаның сарысы биотиннің орнын толтыра алады.

С дәрумені

Иммунитетті нығайтып, жалпы тонушыңды арттыру керек болса, С дәруменін ішкен дұрыс. Ал, инфекцияны жылдам жұқтырып, қызыл нек жиі қанаса, денедегі жаракат баяу жемістері ғана емес, сонымен қатар шырғанақ, қара қарақат, спаржа, қырыққабат, құлпынай қосу керек.

В1 (тиамин)

Есте сақтау қабілетінің төмендеуі және тітіркену – тиаминнің жетіспеуінің белгісі. Одан бөлек, аяқ-қолдың сезімталдығының төмендеуі, балтырдың сыздауы да тиаминге байланысты. Түрлі дәндер, жаңғақтар, ашытқы В1 дәруменіне бай.

В2 (рибофлавин)

Анемияның дамуының бірден себебі рибофлавиннің жетіспеушілігі. Одан бөлек, ұйқысыздық, дененің құрысуы, еріндегі жараларға да назар аудару керек.

В4 дәрумені

Ағзада дәл осы дәрумен жетіспеуі бүйрек үсті бездеріне теріс

әсер етеді. Шаштың күйіне де назар аудару керек. Егер жиі түсіп, күлгін түске еңсе, теріде түрлі бөртпелер пайда болып, көре қабілетіңіз нашарласа, бөдене жұмыртқасы мен сояны көбірек пайдалану керек.

В6 дәрумені

Бетіңізді безеу басып, қызарып жүретін болса, жиі күйзеліске түссеніз – В6 дәруменінің тапшылығы. Грек жаңғағы, түрлі көкөністер, банан оның орнын толтыра алады.

В9 дәрумені

Анемияның тағы бір себебі. Тағамға бұршақ дақылдарын, жаңғақтарды, банандарды енгізу керек.

В12 дәрумені

Жалпы, В тобындағы дәрумендердің жетіспеушілігі анемияға әкеледі. Ал, В12 дәрумені ағзаңызда жеткілікті болсын десеңіз, бауыр, күркетауық етін және жұмыртқа жеп жүріңіз.

Фоллий қышқылы

Оның жетіспеушілігі асқазан-ішек жолдарының бұзылуы мен беделілікке әкеп соғуы мүмкін. Брокколи қырыққабатында, шпинатта және ажелкенде кездеседі.

Дайындаған
Салтанат ІЛІЯШ



• МАҒЖАН ЖҰМАБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 130 ЖЫЛ

Ұлттық рухқа айналған ұлы тұлға Мағжан жырларынан түйген сыр

Хакім Абайдан кейінгі алып кеңістікті алып жатқан ірі ақындардың бірі – Мағжан Жұмабайұлы. Азан шақырып қойған есімі – Әбілмәжжан. Осыдан 130 жыл бұрын, 1893 жылдың 25 маусымында Қызылжар (Солтүстік Қазақстан) аймағында дүниеге келген нәрестенің әкесі – Бекен, анасының аты – Гүлсім еді. Бір Алланың қалауымен және атасы Жұмабайдың дуалы тілегімен Мағжанға ақындық өнер қоныпты дейді зерттеушілердің деректері легінде. Мағжанмен замандас заңғар жазушы Мұхтар Әуезов: «...Мағжан – мәдениеті зор ақын. Заманынан басы озып, ілгерілей жеткен ақын. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі» – десе, сұңғыла суреткер Жүсіпбек Аймауытов: «...Мағжан сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, мұңды зарымен күшті. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазды» – депті. Өз кезеңінің қарымды қаламгері, қазақ әдебиетінің бір білгірі Сәбит Мұқанов: «Абай – ақылдың ақыны, Мағжан – ақынның ақыны» – деген екен. Ақынды көзі көрген, жанында жүрген игі жақсылардың жылы лебіздері осындай. Ал бізге аңыз күйінде жеткен аулы ақынның мол мұрасы бүгінге дейін зерделеніп-зерттелді. Әлі де зерттеледі. Мағжантану мұхиты толқындаып, келер ғасырларға да кете барады. Біздің мақсат – сол мұхитқа тамшыдай үлес қосу.

Мұндағы жылқышы – сергелденген түскен қазақтың өзі. Ал, жылқы жануары – ұлттың табиғи қасиеті мен бар байлығы. Ендеше мұнда қазақ халқының хал-жайын сұрап тұрған ақынды көреміз. Өйткені, қазақтың жаны – жылқыда. Мінсе – көлік, жесе – тамақ, сән-салтанат, қызық-қуаныштың бәрі осы текті түліктің еншісінде екендігі белгілі. Халық даналығында «Қазақ – жылқы мінез» деп те текке айтылмаған шығар. Ақын осыдан қорытынды жасап, өзінің қимастық көңілін білдіріп, табиғат құбылысымен салыстырғанға ұқсайды.

Мағжан Бекенұлы Жұмабайтегі – аласапыран уақытта дүниеге келіп, қайшылықты ғұмыр кешкен қазақ ақыны. Сол алақұйын заманда өзінің ақ қанат армандарына мініп, арын сақтап қалған, ұлт мүддесі үшін мол қызмет еткен текті тұлға. «Алаштың алып ақыны, қазақ халқының ғажап суреткері» дейтініміз де сондықтан.

Мағжанның лирикасы – мұңды да құнды лирикалардың қатарында. Тек қана ұлттық деңгейде емес, әлемдік шедеврлер санатында. Ақынның «Пайғамбар», «От», «Күншығыс», «Түркістан» дейтін өлең-жырларын, «Қорқыт», «Батыр Баян», «Оқжетпестің қиясында», «Қойлыбайдың қобызы» деп аталатын поэма-дастандарын алып қарасақ, поэзиялық үлгі-өрнек хәм парасат-пайымы жағынан керемет деген туындылардан да жоғары тұр. Түсінгенге – зау биік, тым терең. Тосындығы, жұмбақтығы және жаңашылдығы бар деуге толық негіз бар. Түркі әлемін түгелдеуге ұмтылған, көк түріктің рухын биікке көтеретін Мағжан жырларын қай тілге аударсақ та, жаркылың жоғалтпайтын құнды дүниелер болып шығатынына дау жоқ шығар. Мәселен,

«Күннен туған баламын,
Жаркыраймын, жанамын,
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзім де – от,
Өзіме өзім табынам...
...Жүрегім де, жаным да – от,
Иманым да, арым да – от,
Жаркырап от боп туганнан...».

Бұл – «От» жырындағы отты ойлар. Ал, «Пайғамбарда»:

«...Қап-қара түн. Уақыт ауыр өтеді,
Ой артынан ойлар келіп кетеді.
Түн баласы көр көзінен жас төгіп,
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...»

Ерте күнде отты Күннен Гүн туған,
Отты Гүннен от боп ойнап мен туғам.

Жүзімді де, қысық қара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам.

Қайғыланба, соқыр сорлы,
Шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келемін –



Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар!» – дейді ақын.

Пайғамбар – Жаратушы Алла мен адамзаттың арасындағы елші. Ақыл-ойдың асқан үлгі-өнегесін көрсететін, көріпкел-көрегендікті бойына жинақтаған, мейірім мен шуақтың, қарапайымдылық пен зиялылықтың эталоны болар жан несі. Осы періште көңіл-ниеті бар пайғамбар туралы айта келіп, өзінің де пайғамбарлық парасат-пайымын танытқан. Оған тағы бір дәлел: «Қараңғы жердің көгіне, Күн болып сонда мен шықсам!» немесе «Заулап тұрған отымнан, Жаратар ем жаңа адам...» – деп те толғанады. Бұл жерде «Күн», «От» дейтін тіршілікке аса қажетті ұлы ұғымдар рух шақырып тұр. Өлеңді қимыл-қозғалысқа салып, кәдімгідей жандандырып тұр.

«Мағжан өлеңдерінде түркішілдік идеясы басым» – дейді кейбір зерттеушілер. Ол рас. Оның несі айып?! Ақын Алаш идеясын сол түркі дүниесінің бір бөлімі, бөлінбейтін бөлшегі ретінде қарастырды. Ұлттық рухымызды биік көтеру үшін «толғанып қарауым сол бағымға...» – деп, әрідегі түркі әлемін іздейді. Ақын өлеңдеріне тән негізгі ерекшелік – ағартушылық пен ұлттық рухты қоса көтеру болды. Осының арқасында Мағжан шығармалары аса қуатты, отты еді. Өртей шарпыған өлеңдер, өткір ойлар келді-келіпші, құл-құтаннан құрылған тексіз жүйені, ессіз қоғамды шошылтып жіберді. Патшалық Ресейге

де, Кеңестер Одағына да мұндай тулаған туындылар қауіпті болатын.

Мағжанның ерлігі – шығармаларында шындықты көрсетіп, ақиқатты айтуында еді. Бұл жағынан келгенде, ол өте батыл қадамдарға барды. Басқасын былай қойғанда, ақынның «Жүсіп хан», «Өтірік ерте» және «Ертегі» деп аталатын ертегі-поэмаларын алып көрінізші. Балаларға арналған қарапайым көп ертегілердің бірі деп ойлайсыз. Бірақ, оқи жөнелсеңіз, сол ертегі елінің жанында мүйізі қарағайдай бір саяси мүйіс те қоса елестейді... Көркем шығарма болғанымен, сол қоғамның көрінісі, сол өмірдің нақты дерегі анық байқалады ғой. Азаматтық лирикаға жататын бірнеше туындыларында Мағжан өткір ойларын айта отырып, семсер сөздерімен ашық алаңға шығады. Символикалық, сентименталістік бағыттағы өлеңдерінің өзінен шырықпаған шындықты көруге болады. Бұған қоса, қарапайым сөздерімен де аз мәтінге мол мағына сыйғыза алады. Айталық, «Жылқышы» деп аталатын бір өлеңінде:

«Аман ба екен, жылқышы,
Аман ба екен жылқысы?...» – дейді. Еленбей-ақ қалатын өлеңінің екі жолын қарапайым хал-жағдайды сұрау деп ойлаймыз. Шын мәнінде бұл жерде шалқар ой жатыр. Табиғат құбылысы болып көрінетін қысық боран, күннің суытуы, жылқының ығуы, жылқышының қиналуы – бер жағы, негізгі нысана – сол кездегі қоғамның ызғары мен бораны.

Әлемге әйгілі Цицеронның: «Өзін туғанға дейінгі дүниеде не болғанын білмесең, ғұмыр бойы нәресте қалпыңда қалдым дей бер» деп келетін бір ғажап сөзі бар екен. Мағжан ақынның да көнеге көз тігіп, өткен тарихтан сыр тартуында осындай мән-мағына жатқан секілді. Осы орайда «Түркістан» өлеңіне зер салайық:

«Түркістан – екі дүние есігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған
Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.
Ертеде Түркістанды Тұран

дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен,
Тұранның тағдыры бар

толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен...
...Тұранда түрік ойнаған ұқсап

отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?

Көп түрік енші алысып тарасқанда,

Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па? – дейтін толқынды ойлардың бір тұсында: «Бұл Тұран ежелден-ақ Алаш жері, Тұрансыз тарқаман Алаш шері...» деп те, тайға таңба басқандай нақтылап жазды. Жиырма жеті шумақтан құралған осы өлеңде ақын туған жер мен Отанның қадір-қасиетін айта келіп, негізгі нысана – Тұран тұтастығына тоқталады. Көріпкел ақынның осынау орманды ойы мен сұңғыла

сөзі арада қасыр өтсе де, әлі күнге құндылығын, тарихи маңызын жойған жоқ. Дәл қазір біздің мемлекеттік саясатта қозғалып жатқан «Түркі тектес елдердің бірлігін жандандыру», «Түркілік одақ», «Түркілік әскер», «Түркі елдеріне тән Жазушылар одағы», осы елдерге қатысты түрлі мәдени, тарихи іс-шаралардың барлығы да осының жарқын мысалы бола алады. Осы ретте «Орал тауы», «Алыстағы бауырыма» секілді жырларында да үлкен тарихи сыр жатыр... Бұл жырларын оқығанда әлдеқайда қобыз сарыны естіліп тұратын сияқты... Сол қобыздың мұң-зары, қайғылы шері ақынның көптеген өлеңдерінде өрілді. Сол қырынан қараған қатыгез қоғам 27-ге енді толатын жас Мағжанға «Жан сөзім» жазғызды...

Ақын туындыларының толайығы, классикалық қуаты зор, ұлттық рухтың айбынына айналғаны – «Батыр Баян» дастаны деуге болады. Бір ғажабы, аталмыш поэма осыдан тура жүз жыл бұрын, 1923 жылы жазылса керек. Оған бір дәлел – «Мағжанның атақты «Батыр Баян» поэмасы «Шолпан» журналының 1923 жылғы 4-5 және 6-7-8-сандарында жарияланды» дейтін нақты дерек бар. Мағжанның бұл шығармасы – намысты қайрайтын нағыз ұлттық шығарма. Батырлықты баяндау, ерлікті дәріптеу өз алдына, мұнда Отан үшін отқа түсетін ғажап толғаныс бар. Киелі атамекенді, қасиетті қазақ жерін, туған елді қимайтын азаматтық асқақ сезім тұр. Тыңдап көрелік:

«...Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді,
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!
Жебесі көбе бұзып, жүрегі үзбей,
Найзасын, сірә, шалғай сермеп пе еді?
Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр

Баяндай «Алашым!» – деп еңіреп пе еді?... Осылай туған жері мен елі үшін, оны жаудан қорғау жолында тун ұйқысын төрт бөліп, ұлтқа қызмет еткен Баян батыр інісі Ноянның Отанын сатқан опасыздығына қалай төзісін?! Ашулы батырдың найзағайлы намысы жебелерімен қоса қос ғашықтың жүректеріне қалған. Бұл жөнінде белгілі ғалым Шериазхан Әлеуенов «Мағжан» атты зерттеуінде (1995): «...Баян «батыр» деген көне атына қарамастан, әдебиетіміз үшін жаңа кейіпкер еді. Баян Уақ руынан десек те, ұлт қаһарманы. Ол отаншылдық биікте самғаған қыран. Халық мүддесі категорияларымен ойлайтын қаһарман. Өзін өз күшігін жеген бөрі есептесе де, оның Отан атынан опасыздықты жазалағанын ұмытуға болмайды» деген ойын айтады. Ақын бас кейіпкерінің жазасын жеңілдету үшін оның қүйреген көңіліне, мұздаған жүрегіне, жараған жан дүниесіне сәт болса да сабырлықты сеуіп өтеді: «... Жоқ, әлде, жоқ, жоқ... Әлде... Өлтірдім бе, Інімді алты Алаштың намысы үшін?!» – дей келе, «Құл болса бір қыз үшін балдырғаны, Алашқа бұдан да ауыр шер бола ма?!» дегенді айтқызады. Осы поэма тура-

лы біршама зерттеулер туындады. Солардың бірі – Ш.Елеуеновтің зерттеу еңбегінде: «Батыр Баян ортасы белгілі. Ол Абылай бастаған ел азаттығы жолындағы күрескерлер ортасы. Баян сол күрескерлердің жиынтық бейнесі, елім деп еңіреп туған типтік характері. Поэмадың эпикалық құлашы кең – тұтас бір ұлт мүддесін қамтиды. Лирик автор туынды бойына терең сыршылдық дарытқан. Тартыс, әрекетке жомарт драмалық қасиеттерінің күштілігі сондай, бұл сюжетке аттас фильм де туып үлгерді. Мағжан «Баянды» ешкімге еліктеп жазбаған, бұл төл тумасы, деп Жүсекең (Жүсіпбек Аймауытов) дұрыс баға берген. Өзіне дейінгі көркемдік жетістіктердің бәрін, фольклорымен қоса, пайдалана отырып, ақын қазақ әдебиетінде жаңа тұрпатты жазу тудыған. Ондағы үстем тәсілі – реалистік психологизм» – деп жан-жақты талданады.

Қысқа қайырғанда, өз бауыры мен жас сұлуы ажал құштырған батырдың бұл тосын әрекеті – ұлттық рух пен отаншылдық сезімді жоғары бағалаудан туындаған. Егер Ноян секілді жұрттың бәрі, оның ішінде ел келешегі болып саналатын жастар махаббат отына жанып, ғашығына еріп шетел асып жатса... не болмақ?.. Аяулы атамекеннен, қалдр тұтар Отаннан не қасиет қалмақ?.. Авторды да, бас қаһарманды да толғандырған осы ойлар болуы керек...

Қазіргі біздің қоғамдағы ұлтымызды, еліміз бен жерімізді, Отанымызды менсінбей шетел асқан, сонда жүрген жастарға осындай ұлттық мұраларымыз сабақ болса ғой...

Жазушы Тәкен Әлімқұловтың «Жұмбақ жанында: «Абай – бүкіл дәуірдің перзенті, перзенттен көтерілген ұстазы» дейтін пайымды пікір бар. Мағжан да осы пікірге лайықты тұлға.

Сөз түйініне келсек, сол заманда даңқы дүрілдеп, ұлан-байтақ қазақ даласына аты мәшһүр болған ақынның екі жақтан жаулары болды. Бірі – қанға жерік, Кеңес Одағын құрушы бақа басты бәлшебектер, екіншісі – өз ішіміздегі Мағжанның таудай талантын көре алмаған ішітар, көресқызар, өресі төмен пенделер. 1938 жылдың 19 наурызында ақкөңіл, ақниетті Әбілмәжжан ақынды осы кара жүректі, қараниетті «қабыл-жындар» өлтірді... Быыл соған 85 жыл болыпты. Бірақ олар қателесті. Мағжандай мұзбалақ ақынның тәнін өлтіргенімен, жанын жоя алмады. Рухын құрта алмады. Сол ғажап Рух жанартау секілді қара жерді қақ айырып, Алаш аспанына қайта көтерілді. Мәңгі сөнбес жарық жұлдыз болды, мәңгілік алауға айналды. Қазақ ұлтының рухын сақтап қалған, биікке көтерген Ұлылардың қатарында Мағжан ақын да жарқырап тұр!

Мен сенемін жастарға,
Алаш атын аспанға
Шығарар олар бір таңда,
Мен жастарға сенемін! – деген ұлы ақынның өткір де көріпкел жыры бүгінде толқын-толқын ұрпақтың гуы мен онұранына айналды.

Иә, мынау жарық дүние, жарық күн тұрғанша жасай бер, жарқырай бер, дүр Ақын!!!

**Әлімжан ҚҰТЖАНҰЛЫ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
журналистика кафедрасының
аға оқытушысы**

• МЕРЕЙ

Ғұмырын ғылымға арнаған

Тарихшы, археолог, этнограф Темірғали Аршабеков – 60 жасқа толды. Ғалымның мерейтойына орай Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тарих факультеті ғимаратында тарихшы ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері бас қосып, кеңейтілген кеңес өткізді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Темірғали Аршабеков – Қарағанды облысының тарихы мен оның бай шежіресіне байланысты құнды еңбектердің және 200-ден астам ғылыми мақаланың авторы. Ғалымның тағылымға толы өнегелі өмірі Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетімен тығыз байланысты. Аталған жоғары оқу орны тарих факультетінің деканы Жамбыл Жұмабеков Темірғали Аршабековке университет ректоры атынан Құрмет грамотасын табыстады.

– Темірғали Тілеубекұлының есімі аймаққа ғана емес, республикаға кеңінен танымал. Ол сонау 1990 жылдардан бастап, Орталық

Қазақстанның тарихын, этнографиясын, өлке тарихын, тұлғаларын зерттеп жүрген белгілі ғалым. Темкенің табанды еңбегінің арқасында Орталық Қазақстанға байланысты бұрыннан беймәлім болып келе жатқан дүниелер туралы білдік, – деп атап өтті Жамбыл Жұмабеков.

Басқосуда «Қарағанды топонимикасы», «Қарағанды этнографиясы» секілді ғылыми монографиялары, ғылыми-зерттеулері жайлы және мерейтой иесінің азаматтық болмысы хақында естеліктер айтылды.

Кеңейтілген кеңесте Қарағанды қаласы хәм Жаңаарқа ауданы әкімдігінің Құрмет грамотасы берілді.

– Өріптес – бізге, соңымыздан ерген жас бунға ақыл-кеңесін аймай-



ды. Жастарға тарихи тұрғыдан дұрыс бағыт-бағдар беріп, әсіресе, жер-су атауларына байланысты көмек қолын созып жүретін аптал азаматтың бірі

– Темірғали Тілеубекұлы, – деді Н. Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана басшысы Дина Аманжолова.

Асқаралы 60 жасқа толып отырған ғалым «Сарыарқаның этномәдени зерттеулері» бағдарламасын дайындаған авторлардың бірі. Далалық этнографиялық экспедицияға жетекшілік еткені де елдің жадында. «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы «Орталық Қазақстанның зергерлік және қолданбалы бұйымдары» жайлы тың зерттеу жүргізген.

– Әрбір адамның жасына сай есеп беру кезеңі болады. Әрі биыл ҚарУ-дың тарих факультетінің 85 жылдығы. Мен осы факультеттің түлегімін. 20 жылдан астам уақыт осы қарашаңырақта дәріс оқыдым. Қандай жетістікке жетсек, тарих факультетінің қолдауы арқасында деп білемін. Қаншама тарихи зерттеу, тарихи-этнографиялық экспедициялардың қорытындысы бүгін шығып отыр, – дейді Темірғали Тілеубекұлы.

Мерейтой барысында ұстаз-ғалым тарих факультетінің 85 жылдығына орай кітап көрмесін ұйымдастырған екен.

• БАЙҚАУ Әскерилер де әзіл айтады

Кеншілер мәдениет сарайында «Орталық» өңірлік қолбасшылығы Қолбасшысының ауыспалы кубогіне арналған «Көңілді тапқырлар алаңы» ойыны өтті. Сайысқа Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Қарағанды облыстарынан келген әскери қызметшілер қатысып, бақ сынасты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аукымды іс-шараны Қазақстан ҚТА одағының Қарағанды қалалық филиалының бас редакторы Бегім Қантөре тізгіндеді.

Қазақстан ҚВН одағы облыстық филиалының директоры Ернат Абуғаев әскерилер арасында өтіп жатқан ойынның ұйымдастырылуына жоғары баға беріп, әзілдері жарасты сарбаздарды ендігіде бірлесіп, тек «Орталық» өңірінің ғана намысын қорғамай, республикалық дәрежеде де бірлесе жұмыс атқаруға болатындығына сенімін білдірді.

Ойын барысы екі кезеңнен тұрды. «Сәлемдесу» және «Музыкалық номер» кезеңінде команда сәлемдесу номерін дайындап, әзіл-оспақ

мәселе де көтерді.

– Ойынның әділдігі үшін қазылар алқасы кәсіби мамандардан тағайындалды. Біз үшін барлықтарыңыз да жеңімпазсыздар. Ел алдындағы борышқа адалдық танытып, абыройымыз асқақ болып, арасында күлкіге де уақыт бөліп, қызметімізде тура сондай жетістіктерге жете берейік. Барлық атсалысқандарға алғыс білдіреміз, – деді генерал-майор Сакентай Шекарбеков.

Жүлделі Ш орын Петропавл қаласынан келген 6637 әскери бөлімнің командасы «Юмор в погонах» командасына, ІІ орын теміртаулық 5516 әскери бөлімнің «Крутые берцы» құрамасына, І орын қарағандылық 5451 әскери бөлімнің «Тәртіп сақшылары» командасына бұйырды.

Ал, «Орталық» өңірлік қол-



араластыра отырып, өздерін таныстырды.

«Үй жұмысы», «Көңілді – көктем» қатысушылар көктемгі маусымда өз бөлінісінің қызметі туралы миниатюралар мен көріністер дайындап, ел назарына ұсынды.

Әскерилер көріністерінде қызметтегі және отбасындағы оқиғаларды көрсетіп, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру жолындағы игі істерге тоқталып,

басшылығы Қолбасшысының Бас жүлдесі атағы мен ауыспалы кубогіне 6505 әскери бөлімнің «Бір үйдің балалары» командасы ұтып алып, 2023 жылғы чемпион атанды.

Жеңімпаздар мен қатысушыларға грамоталар мен сыйлықтар табысталды.

Аталған іс-шара әскери қызметшілердің ауызбіршілігі мен әскери ортада өнерге де орын барын насихаттау мақсатында өткізілді.

• ҚЫЛМЫС Телефонға абай болған абзал

Қарағанды қаласына жұмыстарымен келген 39 жасар Абай қаласының тұрғыны «екінші мен кештің арасында» телефонынан айырылды. Белгісіз біреу оның қолындағы телефонын жулып алып, табанын жалтыратқан. Бұл туралы Polisia.kz хабарлады.

Салтанат І.ИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласы полиция басқармасына қарасты Оқтяр полиция бөліміне арызданған азаматқа келтірілген шығын – 200 мың теңге. Айтуынша, күдікті 20-25 жас аралығында.

Криминалдық полиция қызметкерлері кешенді жедел-іздестіру іс-шаралары барысында осы іске қатысы бар деген күдікпен 19 жастағы облысқа қарасты ауыл-

дардың бірінің тұрғынын ұстады. Аталған дерек бойынша ҚР ҚК-нің 191-бабына сәйкес қылмыстық іс қозғалды. Тергеу амалдары жүргізілуде.

• ТІЛСІЗ ЖАУ

Тарихи ғимарат өртенді

Қарқаралыдағы екі ғасырға жуық тарихы бар көне ғимаратты қызыл жалын шарпыды. Оқыс оқиға сенбі күні, 1 сәуірде тіркелген. Бір шеге қағылмай салынған ғимарат өз алдына ерекше сәулет ескерткіші болған. 1909 жылдары алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі Сәдуақас Чалымбетов те осы үйде тұрған екен. Қазір Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясына берілген тарихи нысан жарамсыз болып қалды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаланың Бөкейханов көшесінің бойындағы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясының бір қабатты ғимаратында өрт шыққан. Бір шеге қағылмай, толығымен ағаштан салынған ғимараттың төбесі, қаңқалары, терезе және есік блоктары, жалпы алаңы 200 шаршы метр алаңдағы жиназдар мен кеңсе жабдықтарын жалын шарпып, 85 шаршы метр төбесі құлаған. Қаза тапқандар мен зардап шеккендер жоқ.

Аудан әкімі Ерлан Құсайын Facebook парақшасында көне ғимараттағы өрттің тоқ желісіндегі ақудан тұтанғанын айтты. Осы



жағдайға байланысты шұғыл жын өткізіп, құзырлы мекемелерге тарихи ғимараттардың өрт-

ке қауіпсіздік жағдайын тексеру жөнінде тапсырма бергенін хабарлады. Сондай-ақ, тарихи ескерткішке жататын басқа да нысандарда өрт қауіпсіздігін сақтауды және сақтық шараларын пысықтауды, сонымен қатар, қала, кент,

жүргізуді тапсырғанын атады.

Айта кетейік, Қарқаралы ауданы бойынша мемлекет қорғауына алынған 301 тарихи нысан бар. Оның 15-і Қарқаралы қаласында орналасқан. Аудан әкімінің айтуынша, тарихи ескерткіш ретінде 70 нысанда мемлекет қорғауына алу туралы облысқа ұсыныс жолданған.

ауылдық округ әкімдеріне өрт қауіпсіздігі бойынша сақтық шараларын түсіндіру жұмыстарын

Ал, өкініштісі өртенген екі ғасырлық тарихи бар ескерткіш мемлекет қорғауына алынбаған...

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Қазақ өнеріне арналған күн

2019 жылы Қарағандыда «Қазақ халқының мұрасы» кітаптар сериясының бастамасымен «Ұлт құндылықтарын сақтау мен насихаттауға бағытталған Қазақ күнтізбесінің» тұсауы кесілген болатын. Осы Қазақ күнтізбесінде І сәуір – Қазақ өнері күні болып белгіленуі тегін емес. Дәл сол күні 1925 жылы қазақтың дарынды дирижері Нұрғиса Тілендиев дүниеге келген.

Биыл аймақта республикалық Qazaq club-тың бастамасымен және Қарағанды облысының білім басқармасы мен қалалық білім бөлімінің қолдауымен қаладағы 80-нен аса білім ордасында Қазақ өнері күніне орай тәрбие сағаттары, тақырыптық кітап көрмелері ұйымдастырылып, жас жеткіншектер өз өнерлерін паш етті.

Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясының сынып сағаттары мен үзіліс кезінде оқушылар домбырада ойнады. Мағжан Жұмабай атындағы гимназияның барлық сыныптарында «І сәуір – Қазақ өнері күні» тақырыбында тәрбие сағаттары және кітап көр-

нап, 10-сынып оқушылары арасында атадан балаға мирас болып, бүгінгі күнге дейін жеткен қазақ өнері, әншілік дәстүр, халық өнері мен музыкасын насихаттау мақсатында «Өнер – өмір өрнегі» атты танымдық-интеллектуалдық сайыс ұйымдастырылды. Сондай-ақ,



месі ұйымдастырылды, сазды кеш өтті. Оқушылар Нұрғиса Тілендиевтің сазына жазылған әндерді әулетіп, жас күйшілер «Әлкисса», «Аққу», «Ата толғауы» күйлерін күмбірлетті.

Сазды кеште сазгердің өмірі мен еңбек жолынан бейнебаян көрсетілді. Ал Ә.Ермек атындағы мектеп-лицейінде осы күнге ар-


Абай атындағы мектеп-гимназияның оқушылары «Нұрғиса ағамдай боламын!» атты сынып сағатында өз өнерлерін паш етті. «Биыл кең көлемде аталып өткен «Қазақ өнері күні» алдағы уақытта да насихаттала береді» – деді ұйымдастырушылар.

Өз тілшімізден

• «БІР ЕЛ – БІР КІТАП»

Қаламгер әлеміне қадам басып

Оқу мәртебесін, оқу белсенділігін, отбасылық кітап оқу дәстүрін арттыру, отандық акын-жазушылардың кітаптарын, әлем әдебиетінің жауһарларын оқу мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы қолға алынғаны белгілі. Осыған орай мектеп-лицей кітапханасының ұйымдастыруымен «Бір ел – бір кітап – 2023» республикалық акциясы аясында қазақ әдебиетінде философиялық проза жанрында қалам тербеген жазушы, драматург, қоғам қайраткері, ел тарихында өзіндік орны бар, парасатты тұлға «Түркі әлемінің үздік жазушысы» атанған, ұлттық әдебиетіміздің дамуына қосқан үлесі үшін «Парасат» ордені, бірінші дәрежелі «Барыс» ордендерінің иегері, қазақ прозасында ерекше қолтаңбасы бар қарымды қаламгер Төлен Әбдіқұлына арналған «zoom» платформасында әдеби-тағалымды кездесуі №15 мектеп лицейінде облыстық деңгейде өтті.



Төлен Әбдіқұлы әдебиеттегі қолтаңбасы ерекше бірегей тұлға. Оның жазу мәнері, сөз қолданысы, кейіпкерлерінің іс-әрекетін, мінез-құлқын сомдауы, оқшау образдар жасауы оқырман жүрегіне жол таба білді. Шығармалары негізінде көркем фильм түсіріліп, сахналық қойылымдар қойылған, кітаптары әлемнің бірнеше тілдеріне аударылған. «Әке», «Оралу», «Ақиқат», «Қыз Бәтші пен Ерсейіт», «Тозақ оттары жымындайды», «Парасат майданы» повестері, «Қайырсыз жұма», «Қонақтар», «Басуіек», «Оң қол», «Жат перзент», «Бір күндік ашу» сынды әңгімелерін оқырман қауым бүгінде қызығушылықпен

оқиды. «Болмысы бөлек, қандақ прозасының пырағы» атты жазушыға арналған кездесуге Қарағанды облысы мектептерінің кітапханашылары, қала мектептерінің жасауы оқырман жүрегіне жол таба білді. Шығармалары негізінде көркем фильм түсіріліп, сахналық қойылымдар қойылған, кітаптары әлемнің бірнеше тілдеріне аударылған. «Әке», «Оралу», «Ақиқат», «Қыз Бәтші пен Ерсейіт», «Тозақ оттары жымындайды», «Парасат майданы» повестері, «Қайырсыз жұма», «Қонақтар», «Басуіек», «Оң қол», «Жат перзент», «Бір күндік ашу» сынды әңгімелерін оқырман қауым бүгінде қызығушылықпен

Гүлнар БАШАРОВА,
Әлхан Бөкейханов атындағы №15 мектеп-лицей
БАЛҚАШ

Қарағанды облысы: ауа райы

	4 сәуір	5 сәуір	6 сәуір
Қарағанды қаласы	+15 0	+16 +1	+16 +3
Абай ауданы	+14 -1	+16 0	+15 0
Ақтоғай ауданы	+12 -1	+15 -4	+13 -7
Бұқар жырау ауданы	+13 -1	+15 0	+15 +1
Қарқаралы ауданы	+13 -2	+14 0	+14 +3
Нұра ауданы	+14 -1	+15 +1	+15 +2
Осакаров ауданы	+13 +1	+15 +2	+16 +4
Шет ауданы	+12 11	+14 0	+14 0

Ақпарат: <https://www.gismeteo.kz/> сайтынан алынды

«ҚР ҚМ Қазынашылық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің нормаларын, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың Қарағанды облысы бойынша Қазынашылық департаментінің аудандық, қалалық басқарма қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін сенім телефондары:

- Саран қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72137)-5-11-44
- Шахтинск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(72156)-3-91-84;
- Теміртау қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(7213)-98-10-18;
- Қарқаралы аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72146)-3-17-38;
- Бұқар жырау аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72154)-2-12-87;
- Нұра аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72144)-5-29-88;
- Осакаров аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72149)-4-18-90;
- Абай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(72131)-4-47-37;
- Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71037)-2-10-11;
- Балқаш қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71036)-4-07-49;
- Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының: 8-(71039)-5-20-45;
- Шет аудандық қазынашылық басқармасының: 8-(71031)-2-18-06;

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны:
43-21-55

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

• НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВТИҢ ТУҒАНЫНА – 98 ЖЫЛ

Дала әуенін әуелеткен сазгер

Саналы ғұмырын сазгерлікке арнаған, осылайша «Қазақ саз өнерінің сайшықараны» атанған Нұрғиса Тілендиевтің өнер жолы дүйім жұртқа аян. Оның шығармашылығы қазақ кино индустриясының демеуші шегіндегі. Неге десейіз, қай қазақ киносын алсаңыз да сәундтрегі немесе эпизодтардағы әуендері Нұрғиса Атабайұлының туындысы.

Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»



Бүгінде «Ата толғау», «Әлкіссә», «Махамбет» күйлерін игермей күйші күй тартпайды. Құстар әнін білмеген әншіні әнші деу қиын секілді. Осы бір дала дабылын қаққан тұлғаның атын жыл сайын қазақ концерт залдары жаңғыртып-ақ жатыр. Атын аскақтатып рухын аялаудан кенде емеспіз. Соның бірі «Шалқыма» концерт залында өткен Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық қаһарманы Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығына арналған «Өз елім» концерті.

Қазіргі есі кеткен эстрада жанры көптің есін алды. Әсіресе, жас жеткіншектер шетелдік түрлі әуендерін жаттап, оны түсініп түбегейлі зерттеуге бейімделіп, қазақ әуендері олардың қасында қалыс қалып бара жатқан секілді. Нағыз қазақ музыкасының аталары осы Нұрғиса, Шәмші сынды тұлғалар ғой қашанда. Бұл жыл жаңарып, газар алмасса да мызғымайтын дәстүр болып қалмақ. Жалпы Нұрғиса Атабайұлының шығармашылығы кез келген қазақ баласына таңсық емес. Тек оны бойлап ұғып, санаға сіңіре білу керек. Біз сол кісінің шөкірті болған соң көзін көріп, сырласқан соң жанымызға жақынырақ тұтамыз. Бірақ ұлттың ұлықтығы батыры мен ақының ортақтығында емес пе, – деді Тәттімбет халық аспаптар оркестрінің бас дирижері Ерлан Бақтыгерей.

Расында, қазақ маңдайына айбоз болып біткен бірегей тұлғаның бүгінгі мұрасы баршамаызға ортақ. Жалпы, Нұрғиса Тілендиевтің дирижерлігі де, күйшілігі де, композиторлығы да жалпақ жұртқа белгілі. Бозбала кезінде қолына қару ұстап қан майданға аттанып, әскер сапында ерлік көрсеткені де ұрпаққа үлгі. Ол Отан алдындағы

борышын өтеу үшін әскерге барарда өзіне екі жас қостырып алған. Осылайша ел мен жерге деген махаббат сұрапыл соғыста жауға қарсы да тайсалтпады.

Қараорман қазақтың қайғысы мен қуанышын құстың қос қанатындай қатар өңге қосқан Нұрғиса Атабайұлының әндері патриоттық рухқа, лирикалық сағынышка толы. Ал өнер қайраткерінің дүниеге келу тарихы, өмір сүрген кезеңі, шығармашылық жолы сияқты құндылықтар да көптің қызығушылығын тудыратыны сөзсіз.

Ол туралы көзкөрген кісінің әңгімесін естігеніңіз қисая кетіп аяғына дейін жаттайтын дауға құштармыз-ақ. Міне, кеш барысында даңқты өнер иесінің өмірі мен шығармашылығын арқау еткен деректі фильм көрсетіліп, көрерменге көрнекті тұлға жайында кең мәлімет берілді. Концертіңде ең танымал туындылары орындалып, жан рахатына бөленді. Алған әсерден әлі арыла алмай отырмыз, – дейді концертке сонау Ұлытау облысынан келген Арай Бақтыкелдіқызы.

Залға жиналған қауымға ұсынылған шығармалар ішіндегі көптің есінде қалған «Ата толғау», «Көш керуен», «Ақ шағала», «Қилы кезең», «Өз елім», «Аңсау», «Сағымды ғой», «Сарыжайлау» «Махамбет», «Құстар әні» туындылары. Мысалы, Тәттімбет халық аспаптар оркестрінің сүйемелеуімен Сержан Мұсайын орындаған «Сағымды ғой» әні тыңдарман жадын жаңартқандай. Кештегі қазақ өн өнерінің берені Мейірхан Адамбеков орындаған туынды қайта жаңғырып ескіні еске салды. Әнші мен тыңдарман арасындағы алтын көпір деген осы болар бәлкім...

• ФЕСТИВАЛЬ-БАЙҚАУ

Жан жадыратқан «Жайдарман»

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен облыстық демалыс және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Достық үйінде сатирик Мартбек Тоқмырза атындағы «Жымыясың сен неге?» атты облыстық дәстүрлі әзілкештер фестиваль-байқауы өтті.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Фестиваль екі номинация бойынша өрбіді. Олар «Әзілге толы әңгіме» (stand up) атты жеке қатысушының монологу және «Көңілді тапқырлар» атты жайдарман топтарының командалық сайысы. Алғашқы аталымға 12 жеке орындаушы, топтық сайысқа 13 команда қатысып, бақ сынасты.

Бұл іс-шараның өткізіле бастағанына 10 жылдан асты. Алғаш форматы бөлек болған. Қазір форматын жастардың талабына сай икемдеп өткізуді қолға алдық. Қатысушылар арасында тәжірибелі әзілкештер мен командалар бар, – дейді облыстық демалыс және халық шығармашылығы ғылыми-әдістемелік орталығының маманы Еркебулан Елтай.

Әзілкештер додасында Қазақстан КВН



одағының вице-президенті Жомарт Әбіш қазылар алқасына төрағалық етсе, Мартбек Тоқмырзаның бауыры Болатбек Тоқмырза, Жайдарман ойындарының чемпионы Заңғар Әбілжанов, Жайдарман ойындарының облыстық филиалының басшысы Ернат Әбу-таев қазылық етті.

Қатысушылардың өнерін бастан-аяқ қарап отырып, риза болған тұсымыз да болды. Керісінше, қарнымыз сәт те жоқ емес. Шыны керек, сатираның не екенін білмейтін жастар да бар. Арасында анайы сөздер де кетіп жатты. Егер, сатираны киелі сахнада анайы сөз айтып, ырбыңдау деп ұқса, жастар қателеседі. Көбінің айтағыны депутаттар және ұсақ-түйек әлеуметтік мәселе. «Әзілге толы әңгіме» атты номинация-

сында III орын ауыл туралы әзілі ерекше болған Ақтоғай ауданы, Шабанбай би ауылынан келген Нұрбол Шәкәрімөвке бұйырды. Ал, II орын қарағандылық Алдияр Егізовтің дінді қатты ұстанатындар жайлы әзіліне берілсе, қарағандылық Қуандық Қадиров («Қука с Майкудука») I орынға ие болды. Оның ұмытшақтық туралы монологу көпті баурады және жеткізуді де әсерлі болды.

«Қуандық бауырым, осы шығарманы өзің жазған болсаң, сатира жанрында ізденіп көруге кеңес берер едім» деді Болатбек Тоқмырза.

Топтық сайыстағы III орын Қарағанды қаласының «Хэт-трик» еркін құрамасына, II орын етпей ерекшелігімен көзге түскен, ізденісін байқатқан «Ерекше» жайдарман тобына бұйырды. Ал, I орын Қарқаралы ауданы, Нұркен ауылынан келген Март-

• ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Алан алдыңғы қатарда

Польшаның Владиславово қаласында WTT Youth Contender үстел теннисінің турнирі өтуде. Осы сында қарағандылық Алан Құрманғалиев қола медальмен марапатталды.

Жарыс нәтижесі бойынша жерлесіміз 17 жасқа дейінгі санатта үшінші болды. Оның жеке активінде Гонконг, Перу, Финляндия, Қытай, Өзбекстан, Жапония елдерінен келген қарсыластарынан алты жеңіс және Тайбэйден Чан Ю-Аннан бір жеңіліс бар.

Айтарлықтай нәтиже. Ол осы Польшадағы жарыста өзінің 23-ші халықаралық медальін жеңіп алды. Атап айтар болсақ, 10 алтын, 6 күміс және 7 қола бар.



• БОКС

Тастүлектер топ жарды

Астанада жасөспірімдер арасында бокстан халықаралық турнир өз мәресіне жетті. Бұл сында қазақстандық былғары қолғап шеберлері төрт алтын, екі күміс, екі қоланы қоржынға салды.

Жас та болса шеберлігі шың бағындырғалы тұрған талапкерлердің қарқыны өте жақсы дейді астаналық бапкерлер. Сыңға түскен 12 спортшының 8-нің жүлдегер атануы да соның себебінен. Бағы жанған сегіз саңлақтың арасында Алан Ғазалихан, Арес Фомаиде, Тұрлыхан Ищанов, Ибрагим Насырбеков, Асыл Серік, Мейірлан Руслан, Расул Махмудов, Нихат Қадиров бар.



• ДЗЮДО

Үздік үштікте

Қазақстандық дзюдошы Нұрқанат Серікбаев Анталиядағы (Түркия) Grand Slam сериясы турнирінің қола жүлдесін қанжығалады.

Отандасмыз 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде үздік үштікке таласта Монғолиядан келген Энххтайван Ариунболдты жеңді.

Ал, 66 келіге дейінгі салмақта өнер көрсеткен Ғұсман Қырғызбаев III орын үшін түскен белдесуде бразилиялық Виллиан Лимеден жеңіліп қалды.



Дайындаған Жан АМАНТАЙ, «Ortalyq Qazaqstan»

• КӨРМЕ

Ерекше тастар тізіліп...

Қарағанды облыстық экологиялық мұражайда «Аширит» ерекше тас жинаушылар клубының көрмесі ашылды. Экспозиция дәстүрлі түрде сәуірдің бірінші жексенбісінде аталатын Геолог күніне орай өткізіледі. Көрмеге әлемнің түпкір-түпкірінен жиналған жүздеген сирек үлгілер қойылды. Олардың көпшілігі Орталық Қазақстанның, атап айтқанда Қарағанды облысының кеніштері мен даласынан жиналған.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мұражайға келушілер жеке коллекциялардан бірегей экспонаттарды тамашалап, жер қойнауының табиғи әсемдігіне таңданды.

«Аширит» клубының төрайымы Алма Жұмағалиева «әр тастың энергетикасы бар» деп сенеді. Экспозицияның ерекше жәдігері – мұқ ағатының үйіндісі. Ол бірнеше жыл бұрын Бетпақдала маңында табылған. Геологтар салмағы ауыр тас сұр әрі сұрқай болып көрінгенімен, көз тартарлық ерекше сұлулығы бар екенін айтты. Артық минералды қабаттарды тазалап, жылтыратқаннан кейін ашық түсті тас жарқырай түскен.


Экспонат көпшілік назарына алғаш рет ұсынылып отыр. Ашылу салтанатында табиғи мүсін тіпті дау тудырды. Тасты әркім әркілі көрді: біреуі әйел сұлбасын елестетсе, тағы бірі еркек пен әйелдің бастауы сабақтасқан деген ойын білдірді. Алып аметист жеоды аталатын ерекше тас та көрген көзді тамсандырады. Бұл Бразилия топтамасының бір бөлігі. Тау хрусталінің кристалды друзасы да танқаларлық.

Сөрелердің бірінде крест бейнесі бар нефрит үлгісі ерекшеленді. Бұл – жарты ғасырға жуық тәжірибесі бар қарағандылық геолог Сергей Клевцовтың коллек-



циясындағы таңғажайып жәдігер.

Мүмкіндігінше әртүрлі минералдарды ұсынуға тырыстым. Негізгі массасы – кремнеземдер, кварцтар, халцедондар, силикаттардың барлық түрлері. Ұзақ жылдар жинақтаудың арқасында коллекцияда мыңдаған ерекше тас бар. Менің коллекциям әлі де ұлғая беруді, тіпті, оларды ешқашан санамадым. Орталық Қазақстанның жер қойнауынан көптеген минералдар таптым. Сондай-ақ, Орал, Забайкалье, Таулы Алтай бойынша өткен экспедициялардан алып келдім. Коллекцияның жартысына жуығы басқа тас жинаушылар мен әуесқойлардан айырбастан



алған қор, – деді Сергей Клевцов.

Көрменің ашылуына осы мамандықты енді ғана меңгеріп жүрген болашақ геологтар да келді.

Біздің аймақ – пайдалы қазбаларға бай екені рас. Бірақ оның осынша ауқымды екенін жете ұғынбаған екем. Бүгінгі көрмеге қойылған тастар сан қилы. Өте қызықты әрі танымдық көрме, – деді Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті тау-кен факультетінің III курс студенті Михаил Кряхов.

Көрмеге асыл тастардан басқа олардан жасалған зергерлік бұйымдар мен көркем туындылар қойылған.

Экомұражайдағы көрме 15 сәуірге дейін жалғасады. Мекенжайы: Бұқар жырау даңғылы, 47 (Каскад алаңында «ЦентрКазНедра» ғимараты, 1-қабат).

Экспозицияны дүйсенбіден сенбіге дейін күн сайын сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін тамашалауға болады.

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШИК ИЕСІ: «Сауатқа Арнағат» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА

Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – О.В. МЯГКИХ

Директордың орынбасары – Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары – Н.С. ДҮТБЕЙ

Интернет-редакция редакторы – І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы – Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-57-76

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш, Призоров: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра, Оскаров: 8-777-073-71-13

Теміртау, Саран, Шақтық, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Материалдың жариялану ақысы төленген

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № K218VRY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalqy.kz@gmail.com; ortalqy.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalqy.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе 41-26-82, 43-57-88

телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,

БИК KСJВKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№937 тапсырыс. Индекс 65484

Оффсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор Салтанат ШИЯШ